



Ерназар ҚҰЛТАЕВ,  
Ұлттық статистика  
бюросының Шымкент  
қаласы бойынша  
департаменті  
басшысы:

«Өніргеі  
барлық  
сапа  
бойынша  
өсім  
жоғары»

5-БЕТ



Жаныл СПАНОВА,  
Шымкент қаласы  
Полиция департаменті  
өйелдерді зорлық-  
зомбылықтан қорғау  
тобының аға инспекторы:

«Шаңырақтың  
шайқалмауына  
септесу -  
парыз»

6-БЕТ

Адам саудасына  
тосқауыл керек



8-БЕТ

«ЗАН» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯСЫ

БІЗГЕ  
30  
1994-2024

• МІНБЕР

# ЗАН

ZANMEDIA.KZ

✉ zangazet@mail.ru

№83 (3712)  
29 қазан 2024

газеті

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет



• БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

# ЖЕКЕ КӘСІПКЕР КӨБЕЙСЕ ЖҰМЫССЫЗДЫҚ АЗАЯ МА?



Елдегі әрбір ашылған жеке кәсіпкерлік өзін жұмыспен қамтып қоймай, жоқ дегенде екі адамды жұмыссыздықтан құтқарып жүр. Жалпы жеке кәсіпкерлікті үлкен бизнестің бастауы деп түсінсек, бұл саладағы көрсеткіштің өсуі – экономикалық дамуды арттырары сөзсіз.

(Соңы 3-бетте)

• БЕЗБЕН

# СЪЕЗДЕН KEЙІНГІ СЕРПІЛІС

Судьялар одағының алғашқы съезі 1996 жылы Алматыда өтті. Содан бері республика судьяларының сегіз съезі өтіп, саладағы кезек күттірмес маңызды міндеттер айқындалып, кезең-кезеңімен жүйелі түрде жүзеге асырылды. Әлбетте, әр съездің алдына қойған биік мақсаты мен межелі жоспары бар. Судьялар қауымдастығының IX съезінде сот жүйесінің келелі мәселелері көтерілді. Биыл осы съезге қатысу, еліміздің түкпір-түкпірінен келген судьялармен бір алаңда бас қосу бұйырған екен. Бұл жиын судьялардың және съезге қатысқан менің де өмірімдегі кезекті бір асуым болды.

IX съезде судьялардың жаңа Әдеп кодексін қабылдау, сот тәуелсіздігін нығайту, сот жүйесін одан әрі дамыту секілді өзекті мәселелер талқыға салынды. 2020 жылы өткен VIII съезде Президент Қ.Тоқаев сот тәуелсіздігінің басымдық мәні бар, оның әділетті сот төрелігінің және азаматтардың сотқа сенімділігін арттырудың негізі екендігіне тоқталған болатын. Содан бергі төрт жылда Мемлекет басшысы тарапынан судьяларға жүктелген тапсырмалар рет-ретімен іске асырылған еді. Бұл Жоғарғы Сот төрағасы Асламбек Мерғалиевтің, Қазақстан Судьялар одағының төрағасы Сәкен

Абдолланың және өзге делегаттардың баяндамаларында жан-жақты айтылды.

Төраға А.Мерғалиев өз сөзінде: «Өткен төрт жылда сот төрелігін іске асыру үшін тиісті жағдайлар жасалып, сот қызметкері кәсібінің тартымдылығы арттырылды, IT сервистерді дамытуға және роботтандыруды қолдануды кеңейтуге бағытталған ұйымдық-құқықтық шаралар кешені қабылданып, жүзеге асырылды. Сот ісін жүргізуді жетілдіруге, сот төрелігінің сапасын арттыруға, сот билігі тармағын нығайтуға және судьялардың мәртебесін жақсартуға ықпал ететін заңнама-

лық өзгерістер енгізілді», – деді. Өткен съездегі Президент тапсырмаларын орындау мақсатында Жоғарғы Соттың басшылығымен еліміздің жергілікті соттарында, соның ішінде Шымкент қаласының соттарында да ауқымды жұмыстардың атқарылғаны баршамызға аян. Осы орайда Қазақстан Судьялар одағы Шымкент қалалық филиалы Кеңесінің мүшесі ретінде Шымкент соттарында атқарылған ауқымды жұмыстарға тоқтала кеткенді жөн көрдім.

Судьялар одағының VIII съезінде берілген тапсырмалардың бірі, ол Әкімшілік әділет жүйесін құру мәселесі болатын. Осыны орындау мақсатында судьялардың съезінен кейін «Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік» кодексі (ӘРПК) қабылданып, Қ.Тоқаевтың 2021 жылғы 28 маусымдағы «мамандандырылған әкімшілік соттар» туралы Жарлығына сәйкес республика көлемінде жаңадан әкімшілік соттар құрылды. Солардың қатарында Шымкент қаласында мамандандырылған ауданаралық Әкімшілік соты 2021 жылы 1 шілдеде өз жұмысын бастады.

ӘРПК күшіне енген кездегі Жоғарғы Соттың статистикасы бойынша мемлекеттік органдармен соттасқан ел азаматтары мен кәсіпкерлердің 85 пайызы олардан жеңілетін. Бұл жағдай жаңа ӘРПК күшіне енгеннен кейін барып, қарапайым азаматтар мен кәсіпкерлердің пайдасына қарай дұрыстала бастады. Соның нәтижесінде үш жылдан бері мұндай даулардың 52 пайыздан астамы азаматтар мен кәсіпкерлердің пайдасына шешілуде. Үш жыл бұрын бұл көрсеткіштің 15 пайыз ғана болғанын еске түсірсек, аз уақыт аралығында 3,5 есе өскен.

Қазақстан Судьялар одағының Шымкент қалалық филиалы сот басшыларымен бірлесіп, көптеген игілікті іс-шараларға мұрындық болып, қоғамдық жұмыстарға белсене қатысып, билік пен халықты жақындату мақсатында ауқымды жұмыстарды жүзеге асырды. Мұның бәрі халықтың сотқа деген сенімін арттыруға және сот жұмысын жүйелеуге бағытталды деуге болады. Қалалық филиал бастамасымен және сот басшыларының қолдауымен бес жылдан бері Шымкенттің судьялары мен департаменттің бөлім басшылары әр тоқсан сайын бір күндік жалақысын қаладағы №4 балалар үйіндегі тәрбиеленушілерге тұрақты аударып келеді. Бұл қаржы «Отбасы банкіндегі» балалардың шотына теңдей бөлініп, түсіп отырады.

(Соңы 3-бетте)

• МІНБЕР

# СОТ ӘКІМШІЛІГІ – СОТ ЖҰМЫСЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕТІН ДЕРБЕС ҚҰРЫЛЫМ

(Соңы. Басы 1-бетте)

– Облыстардағы, астанадағы және республикалық маңызы бар қалалардағы аумақтық бөлімшелердің – мемлекеттік мекемелердің (соттар әкімшілерінің) атауы өзгертілді.

Осы аталған құқықтық негіздер бойынша Қазақстанның сот жүйесіндегі басқару реформасының шешуші және серпінді сәті айқындалып, жаңа тәуелсіз орталық орган – Сот әкімшілігі уәкілетті мемлекеттік орган және оның облыстардағы, астанадағы және республикалық маңызы бар қалалардағы аумақтық бөлімшелері уәкілетті органның бірінғай жүйесі құрылды. Бұл түбегейлі өзгерістер Сот әкімшілігінің институционалдық деңгейде дербес мемлекеттік орган ретінде қалыптасуын, қызметінің тек қана соттың тәуелсіздігі мен судьялардың қызметіне араласпау принциптерін сақтау жағдайында жүзеге асырылатындығын және соттардың енді әкімшілік-атқарушылық функцияларды атқармайтындығын айқындап берді әрі әкімшілік-бюрократиялық қызметтен босатуға ықпал етті. Сонымен, республиканың 20 өңірінде және 1 әскери сотта департамент (Департамент) құрылды.

«Қазақстан Республикасы Сот әкімшілігінің Қарағанды облысы бойынша департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесінің әкімшілік-құқықтық мәртебесі «Қазақстан Республикасы Сот әкімшілігінің аумақтық бөлімшелерінің ережелерін бекіту туралы» ҚР Сот әкімшілігі басшысының 2024 жылғы 16 қаңтардағы № 6001-24-7-6/19 бұйрығының 9-қосымшасымен айқындалды. Осы ереженің 13-тармағына сәйкес – «Департаменттің міндеті тәуелсіз сот төрелігін жүзеге асыру үшін қажетті әрі жеткілікті жағдайлар жасау болып табылады».

Тек дұрыс ұйымдастырылған сот төрелігі ғана адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, мемлекеттік аппарат қызметінің құқықтық режимін, толығымен заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз етудің мықты кепілдемесін жасауға қабілетті. Осы бағытта ұйымдастырушылық-құқықтық міндеттерді іске асыру Сот әкімшілігіне жүктелген. Ал, 15-тармағына сәйкес мынадай негізгі функцияларын атауға болады:

- жергілікті және басқа да соттардың қызметін ұйымдастырушылық, ақпараттық-талдамалық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету;
- судьялардың сот төрелігін жүзеге асыру жөніндегі қызметін ұйымдастырушылықты қамтамасыз ету;
- соттардың жұмысын кадрлық қамтамасыз ету;
- сот оқуы, судьялардың, сот қызметкерлерінің біліктілігін арттыру және олардың тағылымдамадан өтуі жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;
- судьялыққа кандидаттардың

ақысы төленетін тағылымдамадан өтуін ұйымдастыру;

- құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті органға құқықтық статистикалық құжатталған ақпаратты ұсыну;

- жергілікті және басқа да соттардың қызметі туралы ақпаратты талдау және қорыту;

- сот практикасына талдау жүргізу, қорытындылау;

- жергілікті және басқа да соттардың бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимылын қамтамасыз ету;

- сот приставтарының қызметін ұйымдастыру және т.б.

«Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы» Жарлықта «Қоғам сот билігінің қызметін толық, объективті және бейтарап жария етілуіне мүдделі. Осы мақсатта халықтың сот қызметі туралы ақпаратқа барынша қол жеткізуін ұсыну арқылы сот жүйесінің ашықтығы мен айқындылығы деңгейін арттыру қажет. Сот ақпаратын тіркеудің заманға сай құралдарын енгізу сот ісінде бәсекелестік принципін іске асыруға ықпал етеді» делінген болатын. Осы шараларды іске асырудың нәтижесінде ҚР Сот әкімшілігімен бірнеше бағыт анықталды.

Сот жүйесіндегі цифрландыру ақпараттық технологияны қолданып, сот процестерін жетілдіруге, оңтайландыруға бағытталған. Ол сот жүйесінің ашықтығын, қолжетімділігін арттырып, процестің тиімділігін қамтамасыз етеді. Сот жүйесіндегі цифрландырудың бірнеше маңызды аспектісі бар.

- \* Электрондық сот ісін жүргізу қағаз құжат айналымын азайтуды көздейді. Электрондық түрде талап-арыздарды беру, материалдармен танысу, сот актілерін алу және т.б. мүмкіндіктер қарастырылады. Қазіргі кезде Қарағанды облысының жергілікті соттарындағы электрондық істер үлесі 87%, дыбыс бейне жазба құрылғыларын қолдану 99% құрайды.

- \* Бейнеконференц байланыс: сот процестерін қашықтан өткізу үшін бей-



**Мирлан ҚЫЗЫЛОВ,**  
**Қазақстан Республикасы**  
**Сот әкімшілігінің Қарағанды облысы бойынша**  
**департаментінің басшысы**

не конференция технологиясы қолданылады. Бұл тараптарды сот залына келмей-ақ процеске қашықтан қатысуын қамтамасыз етеді.

- \* Сот актілерінің электрондық базасы: сот шешімдері мен қаулыларының электрондық қоймасын құру, оларды жалпыға қолжетімді ету арқылы азаматтардың сот актілеріне еркін қолжеткізуін қамтамасыз етеді.

- \* Автоматтандырылған ақпараттық жүйе: сот өндірісінің түрлі сатысын автоматтандыру процестің жылдамдығын және тиімділігін арттыруға септігін тигізеді.

- \* Жасанды интеллект және талдау құралдары: құқықтық талдау және шешімдерді негіздеу үшін жасанды интеллект пен үлкен деректерді талдау әдістері қолданылады. Бұл сот процестерінің әділдігі мен дәлдігін күшейтеді.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Токаев 4 қазанда өткен Қазақстан судьяларының IX съезінде «Цифрлық технологиялар азаматтардың сот процесіне қатысуын айтарлықтай жеңілдетті. Бұл бастама сотта қаралатын дау-дамайды азайтады. Жұрт та босқа арызданып, шағымдана бермейді. Жалпы, сот ісін жеңілдету – маңызды міндет. Ол үшін озық технология мен жасанды интеллектті кенінен пайдаланған жөн, – деп атап өтті. Департамент осы бағытта халық арасында сот саласындағы цифр-

лық өнімдерді насихаттап, ақпараттандыру жұмыстарын жүргізуде.

Департамент қызметінің жаңа аспектісі, бағыты – сот тәжірибесіне талдау жасау. Сот тәжірибесінің әлеуметтік және құқықтық маңызын ашатын функционал ретінде:

- \* Сот тәжірибесінің құқық шығармашылық функциясы заңнамалық актілердің арасындағы қайшылықтар, оқшылықтарды, коллизияларды анықтап, оларды жою мәселелері арқылы заңнаманы жетілдіру үшін қажет;

- \* Сот тәжірибесінің құқық қолданушылық функциясы сот төрелігін жүзеге асыруда басты рөл атқарады. Нақты жағдайға байланысты заң нормаларын қолдану туралы мемлекеттік-биліктік ұстанымды жасау және бекітумен байланысты;

- \* Сот тәжірибесінің құқық қорғаушылық функциясы сот процесінде абстрактілі заң нормаларының мазмұнын қандайда бір қоғамдық қатынасқа қатысты нақтылаумен көрініс табады;

- \* Сот тәжірибесінің тәрбиелеушілік функциясы сот процесіне нақты қатысушылардың құқықтық санасына ғана әсер етіп қоймай, басқа да сотпен әрекеттестікте болатын адамдарға да қатысты;

- \* Сот тәжірибесінің танушылық функциясы ғылыми зерттеуге қажетті эмпирикалық фактілердің туындауына мүмкіндік ашып қоймай, сот қалауы, сот түсіндіруі және құқықтық шығармашылыққа бағыт береді;

- \* Сот тәжірибесінің ақпараттық функциясы құқық тәртібі және азаматтар қауіпсіздігі туралы ақпараттың жинақталуы.

Сот тәжірибесіне талдау жүргізу құқықтық жүйенің тиімділігін арттыру, сот практикасының бірізділігін қамтамасыз ету және заңдарды одан әрі дамытудың негізі болып табылады. Сот тәжірибесін талдаудың нәтижесі мен пайдасы бірнеше бағыттарды қамтиды:

Сот практикасының бірізділігі: сот тәжірибесіне талдау арқылы соттардың шешімдері мен практикалары арасындағы айырмашылықтар анықталып, бірізділікті қамтамасыз етуге болады.

Зандардың дамуы: талдау нәтижелері негізінде заңнамадағы кемшіліктер мен алшақтықтар анықталуы мүмкін. Бұл заң шығарушы органға қажетті өзгерістер енгізуге жәрдемдеседі.

Сот жүйесінің тиімділігі: сот тәжірибесін зерттеу арқылы сот процестерінің тиімділігін арттырып жолын анықтауға болады. Бұл сот жүйесінің жүктемесін жеңілдетуге және соттардың жұмысын жеделдетуге мүмкіндік береді.

Тәртіптік бақылау: сот тәжірибесінің талдауы судьялар шешімінің сапасын бағалауға мүмкіндік береді. Бұл сот қызметкерлерінің тәртіптік жауапкершілігін бақылауға да жәрдемдеседі.

Құқық қорғау органдар мен адвокаттар үшін нұсқаулық: талдау нәтижелері құқық қорғаушы органдар мен адвокаттарға сот практикасында ескерілетін тұстарға назар аударуға жол ашады. Бұл тараптардың жұмысын оңтайландыруға ықпал етеді.

Деректерді жинақтау және сақтау: талдау процессуалдық деректерді жинақтауға және сақтауға мүмкіндік береді, бұл болашақ зерттеулер үшін пайдалы ресурс.

Халықаралық тәжірибе: сот тәжіри-

бесін талдау жұмысты халықаралық стандарттар мен практикаға сәйкестендіруге мүмкіндік береді. Сондықтан, сот тәжірибесіне талдау жүргізу құқықтық жүйе мен сот органы үшін маңызды функция болып есептеледі және оның нәтижесі заңды қорғау мен әділдікті нығайтуға бағытталады. Бұл бағытты жетілдіру мақсатында «Сот тәжірибесі» және «Цифрлық аналитика» сервистері енгізілді. Сервис азаматтарға өз даулары бойынша сотқа талап қоюмен жүгінудің тиімділігін айқындайды.

Департаменттің ұйымдастыру-талдау бөлімі аймақ соттарына түсетін барлық іске, материалға күн сайын мониторинг жүргізіп, статистикалық есептер, «Процестік мерзімдердің сақталу мониторингі» модуліне тұрақты түрде тексеріс жүргізіп, деректерді күн сайын жүктеп, нақты уақыт режимінде облыс соттарының жұмыс тәртібін дереу пысықтайды.

2024 жылдың өткен кезеңінде ұйымдастыру-талдау бөлімі тарапынан судьяларға қылмыстық істер бойынша 2 қорыту, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша – 1 қорыту, азаматтық істер бойынша – 1 талдау және сот практикасына 3 талдау ұйымдастыруға және жүргізуге көмек көрсетілді. Сондай-ақ осы бөлім есептік кезеңде сот практикасына 4 талдау жүргізді.

Сот тәжірибесін қорытудың мақсаты – сот практикасының мәселелерін зерделеу, заңнаманы біркелкі қолдануды қалыптастыру бойынша ұсыныстар әзірлеу, құқықтық оқшылықтар мен қайшылықтарды анықтау. Осы орайда, 2024 жылғы 25 қыркүйекте Қарағанды облыстық сотының ғимаратында аймақтың 5 жоғары оқу орындарының (Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды экономикалық университеті, Б.Бейсенов атындағы ПМ Қарағанды академиясы, «Болашақ» академиясы, Орталық Қазақстан академиясы) ғылыми зерттеушілері, магистранттары, докторанттары, ғылыми-консультативтік кеңес мүшелері, практик-мамандар және басқа да мүдделі тұлғалар үшін Жоғарғы Сот Қазақстан Республикасының Сот әкімшілігімен бірлесіп ұсынған «Сот тәжірибесі» және «Цифрлық аналитика» қызметтерінің таныстырылымы өтті. Жиын барысында бірлескен ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу және «Заң үстемдігі» атауымен пікірталас орталығын құру мақұлданды.

Сонымен қатар, департамент сот органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қоюға қатысты 148 өтініш бойынша мемлекеттік қызмет көрсетті. 2024 жылдың 9 айында шет мемлекеттердің соттарынан және Қазақстан Республикасының Сот әкімшілігінен 88 тапсырма (сұрау салу, өтінішхат) түсіп, оның 71-ін облыс соттары орындады, орындалмай кері қайтарылғаны – 3, аумақтылығы бойынша 7 сот тапсырмасы жолданған.

Жоғарыда аталған мақсаттарға қол жеткізу және міндеттерді табысты іске асыру үшін Қарағанды облысы бойынша Сот әкімшілігі департаменті аймақтың барлық соттарының тиімді жұмыс істеуін ұйымдастырып, олардың сапалы орындалуын алдағы уақытта қамтамасыз етіп, сот жүйесінің заманауи талаптарға және заң нормаларына сәйкес дамып, қоғамның сенімін өз дәрежесінде жүзеге асыруды мақсат етіп отыр.

• ҮКІМ

## ЖАНҰЯНЫҢ ҚАДІРІН БІЛМЕГЕН ЖАЛҒЫЗ ҚАЛАДЫ

**Өмірдегі ең ерекше құнды құрылым – жанұя. Кез келген ғимараттың іргетасы мықты болмаса, оның ғұмыры ұзаққа бармайтыны белгілі. Елді-гіміздің негізі, іргетасы болып табылатын жанұя, отбасы құндылықтары қазіргі жаһандану заманында үлкен қауіпте тұр. Өкінішке қарай, қазіргі қоғамдағы түрлі әлеуметтік желілерде көрсетіліп жатқан әдепке жат көріністер отбасылық құндылықтарымыздың бұзылуына бастау болып отырғаны жасырын емес.**

Шілде айының шіліңгір ыстығы. Өз шаңырағында төрт баласының тәрбиесімен отырған отанасы Эмmanın көңілі әлденеге алаңдаулы. Оған себеп те жоқ емес еді. Жақында ғана жұмысынан босап қалған жолдасы Рашид, таңсәріден шаруаларым бар деп үйінен шығып кеткеннен кеш қарайғанға дейін оралмады. Бүгін тағы да арақ ішіп келеді-ау деген ойы көңіл күйін одан әрмен түсірді. Балаларын ұйықтатып, әне-міне

жолдасым келіп қалар деген оймен, шәй-тамағын қайта ысытып, күтіп отырып көзі ілініп кеткен. Сыртқы есікті қаққан қатты дыбыстан шошып оянган ол, терезеден таң атып келе жатқанын байқады. Үй ішінен сыртқы есікке жақын келгенде, жолдасының бүгін тағы ішіп келгенін білді. Алайда, отағасын үйге кіргізбей қоюға дәті шыдамаған ол, есікті ашады. Сол сәтте үйге кірген Рашид оны боктап балағаттап, бас тұсынан қатты

соққы береді. Шарасыздың күйін кешкен Эмма телефон арқылы полиция көмегіне жүгінеді. Осы оқиға бойынша Рашидке қатысты қылмыстық іс қозғалды.

Іс жақында сот отырысында қаралып, Рашид өз кінәсін толық мойындап, жәбірленуші Эммадан кешірім сұрап, енді қайталамайтынын айтып, өзіне жеңіл жаза тағайындауды сұрады. Жәбірленуші Эмма жолдасы Рашидке оқиға бо-

1-бөлігімен кінәлі деп танып, 40 сағатқа қоғамдық жұмысқа тарту жазасын тағайындады.

Осы жазадан кінәлі өзіне сабақ алып, өз отбасының құндылығын бағалай білсе игі.

**К.БӨЛЕЕВ,**  
**Түпқараған аудандық сотының**  
**бас маманы**  
**МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ**



• БЕЗБЕН

## СЪЕЗДЕН КЕЙІНГІ СЕРПІЛІС



(Соңы. Басы 1-бетте)

Болашақта мұндағы балалар 18 жасқа толып, ол жерден шыққанда ұй алуы үшін әрқайсысының жеке шотында қомақты қаражат жинақталып тұрады.

Судьялар мен сот қызметкерлері өз қаражатына қарағай отырғызып, Шымкентте «Тәуелсіздік саябағындағы» алаң маңында «Билер аллеясын» ашып, қаланы көгалдандыруға өз үлестерін қосты. Қилы замандарда талай тарихи құрылтайлар өткен Мәртөбені халыққа таныту мақсатында, 2020 жылы қалалық сотта «Мәртөбе – қазақтың дала парламентінің негізі» тақырыбында өткізген конференцияға тарихшы ғалымдар мен зиялы қауым өкілдері, ардагерлер мен жастар және Билер кеңесінің мүшелері мен судьялар қатысты. Игі бастама жалғасын тауып, қазақтың дана билері дайындаған «Жеті жарғыға» Тәуке хан мөрін қойған қасиетті «Мәртөбе тарихи кешенінде» қалалық соттың төрағасы мен қала әкімі, мәслихат хатшысы және сот қызметкерлері бас қосып, болашақ заңгерлерге арналған «Келер ұрпаққа жолдау» жазылған қапсуланы арнайы тұғырға салып қалдырды.

Ұлы Абайдың 175 жылдығына орай, қалалық сотта «Абай оқулары» ұйымдастырылып, ақын туралы деректі фильм көрсетіліп, жастар Абай өлеңдерін оқудан, ақынның музыкалық шығармаларын орындаудан жарысты.

Қалалық филиалдың бастамасымен сот қызметкерлерінің арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру және

насихаттау мақсатында түрлі спартакиадалар өткізілді. Былтыр Шымқаладағы Қажымұқан атындағы орталық стадионда ұзақ жылдар бойы Шымкент қаласының әл-Фараби аудандық сотында төраға, облыстық сотта судья, алқа төрағасы және қалалық соттың судьясы болып қызмет істеген, марқұм Әділ Керімшеевті еске алуға арналған спорт жарысы өтті.

Сот қызметкерлері күні қарсаңында өткен спартакиадаға судьялар мен департамент қызметкерлерінен құралған төрт команда қатысып, өзара күш сынасты. Кәсіби мереке жоғары деңгейде өткізіліп, салтанатты жиындарда ардагерлер мен сот қызметкерлеріне тиісті сый-құрмет көрсетіліп отырады.

Жоғарғы Сот төрағасы А.Мерғалиевтің және қауымдастық төрағасы С.Абдолланың баяндамасынан аңғарғанымыз, еліміздің сот жүйесінің замана көшінен қалмай, тек қана алға жылжып келе жатқаны байқалды. Сот реформасының негізгі бағыттары Мемлекет басшысы айқындап берген бағдарлама бойынша жүргізіліп, ілгері басуда. Бір сөзбен айтқанда судьялардың IX съезі бізге зор серпіліс берді. Өрқашанда әділдіктің ақ туын биік ұстап, ұлы билеріміз салған сара жолмен сот әділдігін жүргізуде жоғары деңгейде болайық дегім келеді!

Дәурен САЙХАНОВ,  
Шымкент қалалық сотының  
судьясы,  
Қазақстан Судьялар одағы  
Орталық кеңесінің мүшесі

• БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

## ЖЕКЕ КӘСІПКЕР КӨБЕЙСЕ ЖҰМЫССЫЗДЫҚ АЗАЯ МА?

(Соңы. Басы 1-бетте)

Мысалы, биылғы бірінші тоқсанды алсақ, республикада 1,38 млн жеке кәсіпкер жұмыс істейтіні белгілі болған. Бұл былтырғыға қарағанда 4% жоғары.

Еліміздегі кәсіпкерлердің жыл басындағы үш айда шығарған өнімі 3,83 млн теңгені құраған. Яғни былтырғы көрсеткіштен 2,3 есе көбейген. Бұл – мемлекет қолдауымен болып жатқан жетістік десек қателеспейміз. Сондай-ақ олар өздерінің барлық тіркеу жұмысы мен кәсіпкерлік бойынша жүргізетін есебін барынша цифрландырған. Мұны мемлекеттік порталдар және екінші деңгейлі банктердің клиентке ыңғайлы платформалары арқылы жүзеге асырып отыр. Осының бәрі сыбайлас жемқорлыққа деген тәуекелді де азайтуға үлкен мүмкіндік.

Айталық, жақында жеке кәсіпкерлікке арналған тағы бір сервис пайда болды. Кәсіпкерлер жұмысын жеңілдететін қосымшада кәсіп деректері мен салық режимін оңай өзгертуге болады. Ал бұған дейін кәсіпкер бар құжатымен арнайы салық органына барып, болмаса өз деректерін ЭЦҚ көмегімен салық төлеушінің кабинетінде өзгертетін. Қазір бұл Kaspi.kz мобильді қо-

сымшасында берілген «Мемлекеттік қызметтер» бөлімінде оңай атқарылып отыр. Сервис барлық жеке кәсіпкерге қолжетімді. Яғни, аталған қосымшада кәсіпкерлік атауын және мекенжайын, салық органын, басқа да қызметтің негізгі және қосымша түрін, салық режимін өзгертуге болады. Өзгерткен соң деректер базада 24 сағат ішінде автоматты түрде қайта жаңартылады.

Айта кету керек, сервисі Kaspi.kz пен Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті, Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі бірлесіп іске қосқан.

Жоғарыда айтқандай, жұмыссыздыққа тосқауыл болатын осы саланың негізгі әлеуметтік міндеті бізге белгілі. Ол – елдегі еңбек нарығын дамыту болмақ. Деректерге сүйенсек, бүгінде жеке кәсіпкерлік бойынша 1,8 млн адам жұмыспен қамтылған. Бұл көрсеткіш жыл сайын шамамен 2-2,5%-ға артып келеді. Ал жалпы көрсеткішке үңілсек, шағын және орта кәсіпкерлікте экономикалық белсенді халықтың 44,7% жұмыс істейді. Оның 42,8% жеке кәсіпкерлік қарамағында қызмет атқарады. Демек, елдегі әрбір бесінші адам осы салада.

Шернияз ЖАЛҒАСБЕКҰЛЫ

• ПАЙЫМ

Астанадағы Тәуелсіздік сарайында өткен Қазақстан Республикасы судьяларының IX съезінде маңызды мәселелер талқыға салынды. Басқосуға арнайы қатысқан Мемлекет басшысы «Заң мен тәртіп – әділетті қоғамның негізгі өлшемі. Елде заң үстемдігі орнаса, халықтың билікке деген сенімі нығаяды», – деп соттағы кешенді реформалау нәтижесінде қолжеткізген негізгі жетістіктерге тоқталды. Әділ сот – мемлекет тірегі, сондықтан сот билігі қашанда абыройлы әрі мінсіз болуы қажеттігін атап өтті.

## «ПАНАМ ДА – ЕЛ, ДАНАМ ДА – ЕЛ»

Жиында Жоғарғы Сот төрағасы Асламбек Мерғалиев сот жүйесіндегі реформаларға жеке-жеке тоқталып, әрі қарай да жетілдірудің нақты бағыттарын атап өтті.

Шетелден келген қонақтар: Сот төрелігінің тиімділігі жөніндегі Еуропалық комиссияның (СЕРЕЈ) президенті Франческо Депаскуале, Халықаралық сот әкімшілігі қауымдастығының (ІАСА) президенті Луис Пальма және ЕҚЫҰ бағдарламалар кеңесінің басшысы Фробарт Фолькер баяндамаларында Қазақстан Республикасының сот жүйесінің дамуы алдыңғы қатарда екенін атап өтіп, оң бағаларын берді.

IX съезде негізгі тақырыптық бағыттар бойынша сөз қозғалды. Атап айтқанда: сот жүйесі мен судьялардың тәуелсіздігі, судьялық кәсіп және заңның өрескел бұзылуының нақты өлшем шарттарын анықтау; судьяның өзін-өзі басқаруын заңнамалық реттеу; Жоғарғы Сотқа заң шығару бастамасы құқығын берудің орындылығын талқылау; сот әкімшілігін дамыту.

Осы ретте тиімді сот ісін жүргізуде дербес кассациялық саты құру; әкімшілік әділет аясын қолдануды кеңейту және әкімшілік істер бойынша экс-аумақтық соттылықты енгізу; қылмыстық процесте тараптардың нақты жарыспалылығы мен тең құқылы болуын қамтамасыз ету; соттардың қызметіне жасаиды интелект элементтерін енгізу; татуластыру

рәсімдерін дамыту; сот төрелігін жария іске асыру мәселелеріне басымдық берілді.

Сонымен бірге, судьялық кадрларға қойылатын талаптар пысықталып, судьялық кадрларды даярлау және іріктеу сапасы; судьялардың ғылыми әлеуетін дамыту; судьялардың кәсіби қызметін бағалау және тәртіптік жауапкершілік институттарын жетілдіру; судьялық Әдеп кодексінің жаңа редакциясын қабылдауға айрықша назар аударылды.

Жиында судьяларды материалдық және әлеуметтік қамтамасыз ету, соның ішінде медициналық қызметке қолжетімділік; біліктілік сыныптарын жетілдіру; әлеуметтік топтаманы күшейтудің басқа шаралары да талқыланды.

Ерекше назар аударатын жайт, сот төрелігіне қол жеткізуде соттардың шешіміне кассациялық тәртіппен шағымдану мүмкіндігін берудің маңыздылығы. Жақында Президент дербес кассациялық соттарды құруды және Жоғарғы Соттың жаңа рөлін көздейтін «Кейбір конституциялық заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Конституциялық заңға қол қойды. Соған орай келер жылы үш кассациялық сот жұмысын бастайды.

Іс-шара соңында судьялардың Әдеп кодексінің жаңа редакциясы қабылданды. Бұл құжат соттардың тәртібіне қатысты жоғарғы стандарт-

• БАҒДАР

## «БОЛАШАҚ СОТЫ» ҚАЛЫПТАСАР КҮН ЖАҚЫН

Елімізде сот ісін жүргізу – тек қана соттардың міндеті. Сот билігі – мемлекеттік билік тармағының бірі. Оның негізгі міндеті – қоғам және мемлекет өмірінде туындайтын дауларды шешу, бұзылған құқықтарды қалпына келтіру, жауапкершілік мәселесін қарау. Бұл өте үлкен жауапкершілік, себебі адам тағдырын шешетін жалғыз лауазым ол – судья. Судьяның қабылдаған шешімі Қазақстан Республикасы атынан шығарылады. Сот билігі атқаратын жауапкершілік жүгі қандай ауыр болса, оның осы жүкті жүзеге асыру құрылымы да сондай кең.

Судьяның шешім қабылдауы, сот қызметін ұйымдастыратын Сот әкімшілігімен тікелей байланысты. Сот әкімшілігінің құрылу тарихына жүгінетін болсаң:

- 1990 жылдан бастап соттарды материалдық-техникалық құралдармен қамтамасыз етуді Әділет министрлігі атқарған.

- 2000 жылдары соттардың тәуелсіздігін күшейту мақсатында аталған функция Жоғарғы Соттың жанынан құрылған Сот әкімшілігі жөнінде комитетке жүктелген. Бұл міндетті комитет 2010 жылға дейін атқарған.

- Маңызды функцияны 2022 жылға дейін «Жоғарғы Сот жанындағы «Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаменті»» жалғастырған.

- 2022 жылдың соңында Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың жарлығы негізінде департамент «Қазақстан Республикасының Сот әкімшілігі» болып қайта құрылып, құзыреттілігі кеңейтілді. Яғни, Сот әкімшілігінің мәртебесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің аппаратына теңестірілді.

Сот әкімшілігінің кеңейтілген құзыретіне кадрлық, ұйымдық, құқықтық мәселелер, сот жүйесін цифрландыру, мемлекеттік органдармен байланысты арттыру, бюджетті әкімшілендіру, сот жүйесінің инфрақұрылымын дамыту, сот актілерін талдау, орталық және жергілікті мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау, заңдарға өзгерістер енгізу



Ержан ЕРСАИНОВ,  
Қазақстан Республикасы Сот  
әкімшілігінің Маңғыстау облысы  
бойынша департаменті басшысы

кіреді. Бұл құзырет судьялар жұмысын тек сот төрелігі жүзеге асыруға бағыттап, басқа функцияларды орындаудан босатуға мүмкіндік берді.

Республиканың барлық облысында СӨ-нің аумақтық департаменті қайта құрылды. СӨ-нің осы күнге дейін жеткен жетістіктері аз емес. Мәселен, судьялардың, сот қызметкерлерінің, тіпті сотқа жүгінетін азаматтардың да жұмысын жеңілдету мақсатында цифрландыру бағдарламалары іске қосылған.

Бұған дәлел, Қазақстан халқының



Жандос ЖЕТІБАЕВ,  
Астана қаласы мамандандырылған  
ауданаралық экономикалық  
сотының төрағасы

тарды бекітеді. Съездің қорытынды құжаты сот жүйесі мен сот әкімшілігін одан әрі дамытудың басым бағыттарын айқындайтын қаулы болып табылады. Ендігі бағдарымыз – съезд қаулысы.

Дінмұхаммед Қонаев «Панам да – ел, данам да – ел. Соған арқа сүйедім, содан үйрендім», – деген екен. Қазақстан судьяларының IX съезінде айтылған бағыттар, жаңа өзгерістер ең алдымен елдің соттарға деген сенімін арттыруға ықпал ететініне күмәнмен жоқ. Әділдіктің туы биік желбіреген елде тұрақтылық пен тепе-теңдік орнайды. Халық сот билігіне үлкен сеніммен қарайды. Төрелігін айтып, әділ шешім шығаратын сот барлық дамыған елдерде шын мәніндегі үлкен құрметке ие. Халықтың шынайы сенімі орнайтын уақыт жетті.

соттарға цифрлық қолжетімділік деңгейі бойынша әлемде 4-орынға орналасуы.

«Төрелік» ақпараттық бағдарламасы, «Сот кабинеті», «SMART-сот» соттарға жүгінудің бірыңғай электронды терезесі секілді өте ұтымды жүйелер өз тиімділігін көрсетуде. Өңірлерде енгізілген «Соттарды біріктіру», «Сот демалысы», «Татуласу орталықтары» секілді жүйелердің де нәтижесі жоғары.

COVID-19 пандемиясы кезінде сот жүйесі өз жұмысын тоқатпай, сот отырыстарын қашықтан өткізіп, тараптардың өз онлайн қатысуын, іспен онлайн танысуын қамтамасыз етіп, арызданушыларға әлемнің кез келген жерінен сотқа жүгіну мүмкіндігін ұсынды. Осының бәрі жаңа технология жетістіктері тиімді қолданудың жемісі.

Сот жұмысын одан әрі жетілдіру мақсатында роботтандыру және жасанды интеллект элементін қолдану қолға алынып отыр. Бұл жүйе істердің санатын анықтауға, ұқсас істерді іздеуге, барлық соттардағы «қозғалыс циклі» бақылауға, сот шешіміндегі сәйкессіздікті анықтауға және азаматтық істердің нәтижесін болжауға бағдарланған. Мысалы, робот судьялар сот шешімінің жобасын дайындаса, жасанды интеллект судьяға ұқсас істер бойынша сот практикасы туралы мәлімет береді. Елімізде соттарға жылына 1,5 миллионға жуық арызшағым мен өтініштер келіп түседі. Олардың барлығын тіркеу, жауап беру, шара қабылдау да сот қызметкерлерінің міндеті.

Сот жүйесінің жұмысына оң баға берген Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев судьялардың IX съезіне қатысып, сот реформасын одан әрі жақсартуға бағытталған іс-шараларды жүзеге асыру жөнінде бірнеше тапсырма берді. Нәтижесінде СӨ-нің 2025–2029 жылдар аралығына арналған даму стратегиясы әзірленді. 2030 жылы сот төрелігін іске асыру сапасын, халықтың және сотқа жүгінушілердің сот жүйесіне деген сенімін арттырып, «Болашақ соты» қалыптасатынын толық сеніммен айтуға болады.

• ПІКІР

## ЖАСАМПАЗ ЕЛДІҢ ҚАЙТА ЖАҢҒЫРҒАН МЕРЕКЕСІ

**Былырдан бастап елімізде Республика күні қайтадан аталып өте бастады. Шын мәнінде бұл күннің маңызы зор. Бұл кездейсоқ таңдала салған күн емес, 1990 жылдың дәл осы күні «Қазақ ССР-нің мемлекеттік егемендігі туралы» декларация қабылданды. Сондықтан ел тарихындағы мұндай маңызды күн аталып отыруы тиіс.**

Республика күні алғаш рет 1995 жылы мемлекеттік мереке ретінде жарияланып, 2009 жылы алынып тасталған болатын. Ал 2022 жылғы 16 шілдеде Ұлттық құрылтайда Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ұлттық мереке мәртебесін Республика күніне қайтаруды ұсынды.

Сол бір атаулы күннен бастап Қазақстан егеменді елге айналуының алғышартын бастап, еліміздің жеке территориясы, азаматтығы, мемлекеттік бюджеті, халықаралық қатынастардағы дербестігі, мемлекеттік рәміздері бекітілгенін ескерсек аталмыш күннің маңыздылығын жете түсінеміз. Ел аумағының тұтастығы, оған қол сұғылмайтындығы, қазақ халқының және Қа-

зақстандағы басқа да этнос өкілдерінің төл мәдениетін, дәстүрін, тілін қайта түлету мен дамыту, ұлттық қадір-қасиетті нығайту мемлекеттің аса маңызды міндеттерінің бірі ретінде қарала бастады. Бұл еліміздің тәуелсіздік жолындағы тұңғыш тарихи қадамы болатын. Ендеше ел тарихындағы бұл күн өз деңгейінде атап өтілуі тиіс. Мұндай тарихи атаулы күн елімізде атап өтіліп отыруы керек деп санаймын. Жаңа Қазақстандағы жоғалған жоғымыз ретінде бұл күннің қайта оралуы әділеттіліктің бір белгісі деп санаймын.

**Гульмира ИЗБАСАРОВА,**  
**Ақтөбе қалалық сотының судьясы**

• МЕЖЕ

## ӨЗГЕРІС ЗАМАН ТАЛАБЫ

**Осыдан біраз бұрын ҚР Жоғарғы Соты судьяларының, судьялар одағы орталық кеңесінің, облыстық сот төрағаларының және сот жүйесінің ардагерлері мен Сот әкімшісі басшылығының қатысуларымен «Дербес кассациялық соттарды құру» мәселесі төңірегінде дөңгелек үстел өтті.**

Онда Жоғарғы Сот төрағасы А.Мерғалиев сот жүйесіндегі жүргізіліп жатқан реформалардың, соның ішінде судьялардың тәуелсіздігі мен сот әділдігін цифрлық өнімдерді енгізу арқылы жүзеге асырудың тиімділігін арттыру бағытындағы оң өзгерістерге тоқталып, Мемлекет басшысының дербес кассациялық соттарды құру туралы тапсырмасын мүлтіксіз орындау қажеттігін атап өткен болатын.

Қазіргі уақытта Астанада қылмыстық, азаматтық және әкімшілік істер жөніндегі үш кассациялық сот құру жоспарлануда. Сәйкесінше, Қазақстан заңдарына да тиісті өзгертулер енгізілетіні сөзсіз. Соның ішінде, «ҚР сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» ҚР Конституциялық заңы» 2-1-тараумен толықтырылды. Бұл тарауда кассациялық соттар жөнінде нормалар көзделген.

Кассациялық соттың құрамы шамамен 100-ге жуық судьялардан тұратыны жоспарлануда. Кассациялық сот судьясы – заң саласындағы жұмыс өтілі 18 жылдан кем емес, судья лауазымындағы жұмыс өтілі 8 жылдан кем емес, соның ішінде, облыстық сот судьясы ретінде 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі бар азамат бола алады.

Кассациялық тәртіпте, заңды күшіне енген сот актілерін қарау, алдын ала қарауды өткізбеу, істі мәні бойынша ақылға қонымды 6 айға жауық мерзімде қарау, кассациялық тәртіпте 3 құрамды сот болып қарау көзделген.

Ал, осы өзгерістер мен толықтыруларға дейін, аталған Конституциялық заңның 17-бабының 1-бөлігі негізінде Жоғарғы Сот жергілікті және басқа да соттардың қарауына жатқызылған азаматтық, қылмыстық және өзге



**Ж.СЕЙТЖАПАРОВ,**  
**Ақтөбе облысы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы**

де істер бойынша Жоғары сот органы болып табылады, оларға қатысты кассациялық саты функцияларын жүзеге асырады және нормативтік қаулылар қабылдау арқылы сот практикасы мәселелері бойынша түсіндірулер беріп отырады.

Ол дегеніміз, ҚР Жоғарғы Сотының кассациялық саты ретіндегі өз функцияларын тоқтатады деген сөз. Демек, Жоғарғы Сот республика соттарының істері бойынша сот тәжірибесіне шошулар жасап, қалыптастырады және тиісті түсіндірмелер береді.

• ӘКІМШІЛІК ӘДІЛЕТ

## МӘЖБҮРЛЕУ ШАРАСЫ ҚАЛАЙ ҚОЛДАНЫЛАДЫ?

**Әкімшілік рәсімдік-процестік Кодекстің 18 тарауы толығымен процестік мәжбүрлеу шараларына арналған. Процестік мәжбүрлеу шараларына: ескерту; сот отырысы залынан шығарып жіберу; ақшалай өндіріп алу жатады.**

Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотында 9 айдағы есептік көрсеткіш бойынша 27 ақшалай өндіріп алуды қолдану туралы ұйғарым шығарылған. Сот тәжірибесінде ақшалай өндіріп алуды қолдану аясы кең. Мысалы, сот белгілеген мерзімде әкімшілік талапқа қарсы пікірді уақытылы ұсынбау немесе соттың сұранысымен сұратылған құжаттарды толық әрі уақытылы ұсынбағаны үшін де ақшалай өндіріп алу түріндегі процестік мәжбүрлеу шарасы қолданылады. Өкінішке қарай, тәжірибеде осы себеппен салынатын ақшалай өндіріп алу өте көптеп кездеседі. Шешім заңды күшіне енген соң жауапкерге бір ай ішінде орындау үшін жолданады. Көрсетілген уақытта жауап жолданбаса ақшалай өндіріп алу түріндегі процестік мәжбүрлеу ша-

расы қолданылады. Судья жауапкерді Азаматтық процестік кодексінің талаптарына сәйкес дайындалған және ресімделген жазбаша пікірді және жоғары тұрған әкімшілік орган басшысының, лауазымды адамның уәжді ұстанымын он жұмыс күнінен аспайтын мерзімде әкімшілік іспен бірге (бар болса) беруге міндеттейді. Талап қоюшы алдын ала тыңдау сатысында пікірмен және ұстаныммен танысады.

Оларды судья белгілеген мерзімде ұсынбау ақшалай өндіріп алуды қолдануға негіз болып табылуы мүмкін және әкімшілік істі мәні бойынша қарауға кедергі келтірмейді.

Қорытындылай келе, іске қатысушы тараптар өз құқықтары мен міндеттерін адал әрі жауапкершілікпен атқарса, сот отырысында төрағалық етушінің өкімдерін уақытылы орындаса, процестік мәжбүрлеу шарасын қолдану да аз болушы еді.

**Г.САРСЕНБАЕВА,**  
**Ақтөбе облысы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының бас маманы - сот отырысының хатшысы**

• СОТ СӨЙЛЕСІН

**Үстіміздегі жылдың қазан айында төрт жылда бір өтетін республика судьяларының съезі әдеттегідей елорда төрінде өтті. Биыл тоғызыншы рет өткізілген судьялар қоғамдастығының бас қосуына Қазақстан Республикасының Президенті, Парламент депутаттары, атқарушы билік пен құқық қорғау органдарының басшылары, заң қауымдастығы, халықаралық ұйымдардың сарапшылары мен судьялар корпусынан 500-ден астам адам, оның ішінде 200-ге жуық делегат қатысты.**

## ӘДІЛЕТТІ ҚОҒАМНЫҢ ӨЛШЕМІ

Мемлекет басшысы заң мен тәртіп – әділетті қоғамның негізгі өлшемі. Бұл – заң алдында бәрі бірдей, тең құқылы деген сөз. Сол себепті, сот органдары азаматтардың басты қорғаны болуы керек. Елде заң үстемдігі орнаса, халықтың билікке деген сенімі нығаятынын атап өтіп, сот жүйесіне жүргізіліп жатқан реформаларға оң бағасын берді.

Мемлекет басшысы айқындаған құқық үстемдігін қамтамасыз ету жөніндегі сот реформасының негізгі бағдарлары бойынша шараларды тұжырымдау, отандық сот төрелігі алдында тұрған заманауи сын-тегеуріндер және қауіп-қатерлерге ден қою жөніндегі шараларды талқылау жүргізілді.

Сонымен қатар съезде сот жүйесі мен судьялардың тәуелсіздігі, тиімді сот жұмысын жүргізу, кадрларды іріктеу мен дайындау сапасын арттыру, судьяларды әлеуметтік және материалдық жағынан қамтамасыз ету мәселелері қозғалды. Съезд делегаттары сот практикасының түрлі аспектілері, қоғамның сот төрелігі органдарына сенімдерін нығайту, судьялардың өзін-өзі басқару органдары мен сот билігін әрі қарай дамыту перспективалары жөнінде пікір алмасты.

Еліміздің сот жүйесінің халықаралық сай келуі, сот төрелігін іске асыру сапасын көтеру, Әділетті Қазақстан құру

жолындағы батыл шешімдер осы съезде айрықша қаралды. Аукымды шара барысында делегаттар жаңа Судьялық әдеп кодексін және судьялардың IX съезінің қаулысын қабылдады.

Жаңа әдеп кодексін енгізу бойынша бірнеше уақыттан бері қызу талқылау болып, түрлі ұсыныстар келтірілді.

Қолданысқа енгізілген кодекстің құрылымында бұрынғыға қарағанда біршама өзгерістер бар. Нақтылап айтқанда атауының өзі – «Судья әдебі кодексі» болып өзгеріп, 5-тарауға бөлінген.

Бұрынғы кодекстің міндеті қызмет жасап жатқан судьяларға да, доғарыстағы судьяларға да жүктелетін. Өзгеріске сай кодекс тек қана қызмет жасап жатқан судьяларға ғана міндетті болып бекітілді.

Сондай-ақ кодекс нормаларын бұзғаны үшін жауаптылық көзделген. Кодекстің 10-бабында судья әдебі жөніндегі комиссияның материалдарды қарауы үшін судьяның әрекеті (әрекетсіздігі) қызметтік міндеттерді атқару кезінде не қызметтен тыс іс-әрекетте әдеп нормаларын бұзумен ұштасқан жеке, заңды тұлғаның, мемлекеттік органның шағымы, өтініші немесе бұқаралық ақпарат құралдарының жарияланымдарындағы мәліметтер мен фактілер негіз.

Материалдарды қарау бары-



**К.ЕСПЕНБЕТОВА,**  
**Қызылорда қаласы №2 сотының судьясы**

сында құқық бұзушылықтардың барлық нақты мән-жайлары, ниеттері, уәждері, сондай-ақ теріс қылықтың ауырлығы және оның салдарлары ескеріледі. Егер судьяның әдеп нормаларын бұзу фактісі анықталмаса (расталмаса), шағым, өтініш бойынша іс жүргізу тоқтатылады.

Ал 5-бапта судьяға кез келген азамат сияқты сөз, ар-ождан, бірлесу, ақпарат тарату бостандығын және басқаларды қоса алғанда, конституциялық құқықтар мен бостандықтарға кепілдік беріледі. Осы құқықтарды іске асыру барысында судья сот жүйесінің беделін сақтауды ұмытпауға және әдеп нормаларының бұзылуына жол бермеуге, сондай-ақ өзінің тәуелсіздігіне әсер етуі мүмкін қарым-қатынастардан аулақ болуға тиіс делінген.

Яғни, съезд барысында көтерілген мәселелер мен жаңа Судья әдебі кодексі сот жүйесіне жаңа міндеттер жүктейтін болады.

• КИЕ

**Тәуелсіз еліміздің мемлекеттік тілін меңгерумен қатар, іс қағаздарын мемлекеттік тілге көшіру – бүгінгі күннің өткір мәселесі, заман талабы.**

Республиканың бүкіл аумағында барлық салада мемлекеттік тіл мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу, іс қағаздарын жүргізу



## ТІЛ ТӘУЕЛСІЗ БОЛМАЙ, ШЫН ТӘУЕЛСІЗ БОЛМАЙМЫЗ

тілі саналғанымен көп жағдайда орыс тіліне басымдық беріліп келе жатқаны жасырын емес.

Әлі де болса еліміздегі мемлекеттік органдарда мемлекеттік тілдің әлеуетін іске асыру деңгейінің төмендігі, жиналыстардың, ресми шаралардың мемлекеттік тілде өтпейтіндігі, қызметшілер арасында мемлекеттік тілде сөйлейтін тілдік ортаның жоқтығы, қалыптаспауы сияқты кемшіліктер бар.

Тіл тәуелсіз болмай, шын тәуелсіз болмаймыз. Енді бәрі де өзімізге байланысты. Азаматтардың мемлекеттік тілді білуін заң арқылы да

талап ету – адам құқығы мен еркіндігіне қайшы келмейді. Сондықтан да бүгінгі күні қоғам алдына қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту мәселесінің қойылуы маңызды. Бүгінде халқымыздың саны артты, көкейдегі айта алмайтындарды бүкпей, ашық айтатын дәрежеге жеттік. Осы мүмкіндіктерді пайдаланып, мемлекеттік тілге деген талапты күшейтуіміз қажет.

**Перизат ТҮРЛАН,**  
**Ақтөбе қалалық соты әкімшісінің бас маманы - сот отырысының хатшысы**

• АСЫЛ МҰРА

## АМАНАТ

**Тіл тағдыры – ел тағдыры. Ол тек мемлекеттің саясатымен, мемлекеттік мекеменің ісімен шешілмейді.**

Мемлекеттік тілдің дамуы жолында қазақ халқының әр перзентінің атқаратын қызметі мен қосатын үлесі зор. Өйткені, тіл мәселесі өте маңызды мәселе, біріншіден, тіл – өзімізді ұлт ретінде сақтаудың қорғаны, екіншіден, барлық қазақстандықтарды біріктіруші ортақ байлығымыз. Олай болса, мемлекеттік тілді білу – әр жанұяның, әр ұжымның негізгі мақсаты. Біз тіл арқылы ғана ата-бабамыздан келе жатқан ұлттық құндылықтарымызды ұрпаққа аманаттай аламыз.

Мемлекеттік тілге то-

лықканды көшу үшін және қазақ тілінің беделін одан әрі нығайту үшін, ең алдымен, мемлекеттік тілді оқытудың мазмұны мен сапасына көңіл бөлу қажет.

Президентіміз Қ.Тоқаев қазақ тілі мәселесін шешудің төрт жолын айтқан болатын. Біріншіден, мемлекеттік қызметке, оның ішінде, халықпен тығыз жұмыс істейтін лауазымға тағайындау кезінде кәсіби біліктілігіне қоса, қазақ тілін жақсы білетін азаматтарға басымдық беру керек.

Екіншіден, біз қазақ тілін

жақсы білетін өзге ұлт өкілдерін қолдауымыз керек. Мұндай азаматтар қазақ тілінің деңгейін ұлтаралық қолданыс дәрежесіне көтеруге көмектеседі.

Үшіншіден, қазақ тілін қолдану барысында фонетикалық және орфографиялық қателер жіберіп алатын отандастарымызға түсіністікпен қарап, толеранттылық танытуымыз керек. Олардың талпынысын мазақ етпей, қайта қолдай түскеніміз жөн.

Төртіншіден, телевизиялық және радио хабарлардың сапасын арттыру қажет.

Ел тәуелсіздігі – тіл тәуелсіздігі. Тіл – ұлттың төлқұжаты, мемлекеттің тұғыры. Болашақтың берік іргетасын бүгін қалауымыз қажет.

**А. ИБРАГИМОВА,**  
**Ақтөбе қаласы мамандандырылған тергеу сотының бас маманы - сот отырысының хатшысы**

• ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘНГІМЕ



Ерназар ҚҰЛТАЕВ, Ұлттық статистика бюросының Шымкент қаласы бойынша департаменті басшысы:

## «ӨҢІРДЕГІ БАРЛЫҚ САЛА БОЙЫНША ӨСІМ ЖОҒАРЫ»

– **Ерназар Сейітханұлы, Шымкент қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты сұхбатымызды демографиядағы бүгінгі жағдайдан бастасақ?**

– 2024 жылғы 1 қыркүйекте қала халқының саны 1 243 906 адамға жетті. Республикада халық саны бойынша Шымкент қаласы төртінші орын алады. Жыл басынан бері тұрғындар саны 1,8% немесе 21 840 адамға артты. Біздің шаһардың республикадағы халқы тығыз орналасқан қалалардың бірі екені баршаңызға белгілі (3 орын). Биыл халықтың табиғи өсімі 16178 адамды құрады.

Жалпы алғанда республика бойынша Шымкент қаласы сәби туу көрсеткіші бойынша төртінші орында. 8 айда қала бойынша 19548 бала дүниесігін ашқан екен. Шырайлы қаламызға қоныс теуіп келіп жатқандар қатары да кеміген емес. Алдағы уақытта да еліміздің ірі үш мегаполистің бірі саналатын Шымкент шаһары елдің демографиясын көтеруге қомақты үлес қоса берері анық.

– **Халықтың тұрмыс деңгейін де қандай өзгеріс бар?**

– 2024 жылғы II тоқсандағы бағалау бойынша халықтың орташа жан басына шаққандағы атаулы ақшалай табысы 127 857 теңгені құрады. Бұл өсімнің 2023 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 13,8 пайызға өскенін көрсетеді. Ал халықтың нақты ақшалай табысы 5,3 пайызға өсті. Жер емген шаруалардың, еңбеккер жандардың арқасында жан басына шаққандағы табыста төмендеу жоқтығы қуантады. Осының өзі «Еңбегің егіз болса, байлығың сегіз болады», «Еңбек еткен мұратына жетеді» деген халық даналығының дәлдігін көрсетеді.

– **Еңбек нарығы және еңбекақы төлеу бойынша көрсеткіштер қалай?**

– Халықтың жұмыспен қамтылуын зерттейтін сауалнама нәтижелеріне сәйкес,

Үстіміздегі жылдың II тоқсанында жұмыссыз халық саны 22423 адам болып, жұмыссыздық деңгейі 4,8% құрады. Ал осы кезеңдегі бір қызметкердің орташа айлық атаулы жалақысы (кәсіпкерлік қызметпен айналысатын шағын кәсіпорындардағы қызметкерлерді есепке алмағанда) 314 210 теңгені құрады. Яғни, айлық көлемі 2023 жылғы II тоқсанмен салыстырғанда 8% артық. Нақты жалақы индексі 99,9% құрады. Республикадағы орташа айлық жалақы көрсеткіші бойынша Шымкент қаласы 18 орында.

Ең жоғары орташа айлық жалақы «Қаржы және сақтандыру қызметі» саласында – 560 725 теңге, ең төменгісі «Көрсетілетін қызметтердің өзге де түрлерін ұсыну» саласында. Бұл салада еңбек ететіндер 145343 теңге табыс табады.

Осы арада нарықтағы бағалар ту-

ралы да айта кеткен жөн шығар. Инфляция деңгейін сипаттайтын, тұтыну бағаларының индексі 2024 жылдың 9 айына қалада 104,5% құрады. Азық-түлік тауарларының бағасы 0,5%, азық-түлік емес тауарлар – 5,8%, халыққа ақылы қызмет көрсету – 8,7% көтерілді.

– **Жалпы өңірлік өнім көлемі мен тіркелген заңды тұлғалар саны биыл қаншалықты ұлғайды?**

– Шымкент – еңбеккер жандар мекені. Мұнда халық тұтынатын азық-түлік өнімдерінің басым бөлігі өндіріледі. Биылғы жылы жалпы өңірлік өнім көлемі – 1812102,6 млн теңгені құрап, 2023 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 6,9% артты.

Республика өңірлерін орналастыру тәртібінде қала 11-орынды және халықтың жан басына шаққандағы есебінде – 17-орынды иемденді. Статистикалық тіркелімнің мәліметтеріне сәйкес, қала бойынша 2024 жылдың 1 қазанына 29198 заңды тұлғалар тіркеліп, өткен жылдың тиісті кезеңінен 3% өсті. Республика бойынша тіркелген заңды тұлғалардың жалпы санындағы қаланың үлесі 5,4%. Республикада, сондай-ақ Шымкент қаласында да, заңды тұлғалардың жиі тіркелетін қызмет түрі «Сауда» саласы болып табылады, бұл сала бойынша қала кәсіпорындары жалпы санының 29,5% тіркелген.

– **Өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығындағы бүгінгі ахуал қойылған шыға ма?**

– 2024 жылғы қаңтар-қыркүйекте өнеркәсіп кәсіпорындарымен (шағын, қосалқы кәсіпорындарды, үй шаруашылықтары секторын қоса алғанда) қолданыстағы бағамен 810640,2 млн теңгенің өнімі өндірілді, бұл 2023 жылдың тиісті кезеңінен 2% артық. Республикадағы өнеркәсіп өнімінің көлеміндегі үлесі бойынша қала 16-орында. Жалпы, оның үлесі 2,3% алып отыр. Ал ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің көлемі 38062,1 млн теңгені құрады және алдыңғы жылмен салыстырғанда 1,2% артты. Оның ішінде мал шаруашылығы тиісінше – 26863,3 млн теңге болып, 5,1% артты, өсімдік шаруашылығы – 10849,7 млн теңге болып, 8,1% кеміді. Республикадағы ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің көлеміндегі үлесі бойынша қала 17-орында, немесе 0,7%-дық үлесті алып отыр.

– **Инвестициялық салымдарда не өзгеріс байқалды?**

– 2024 жылғы қаңтар-қыркүйекте қала бойынша негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 462296,1 млн теңге болды. Ал, 2023 жылғы тиісті кезеңде 110,1% құраған еді. Негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі бойынша қала республикада 10 орында.

Салалар кесіндісінде инвестиция салымдарының басым бөлігі жылжы-

майтын мүлікпен жасалатын операциялар саласының (48,7% немесе 225071,5 млн теңге) үлесіне тиді. Одан кейінгі орындарда 15,1 пайызбен өнеркәсіп (15,1% немесе 70005,5 млн теңге) пен көлік және жинақтау саласы (14,5% немесе 67040,9 млн теңге) тұр. Негізгі инвестициялық салымдардың басым бөлігін 72,4%-бен шағын кәсіпорындар жүзеге асырған.

– **Құрылыс жұмыстарының көлемінде қандай өсім тіркеліп отыр?**

– Құрылыс жұмыстарының (қызметтерінің) көлемі 182487,9 млн теңгені немесе 2023 жылғы тиісті кезеңде 130,6% құрады. Құрылыс жұмыстарының жалпы көлеміндегі 69348,3 млн теңгені ғимараттар құрылысы алады. Осы кезеңде қала бойынша пайдалануға берілген тұрғын үйдің жалпы алаңы 775,8 мың шаршы метрді, халық тарапынан салынғаны 359,9 мың шаршы метрді құрады. Пайдалануға берілген тұрғын үйдің нақты көлемі 138,8% құрады.

– **Шымкент қаласының республикадағы көлік және байланыс секторларындағы үлесі қандай?**

– 2024 жылғы қаңтар-қыркүйек-

те 21399,1 мың тонна жүк тасымалданд. Ал 2023 жылдың осы кезеңінде меже 129, 8% құрады. Жүк айналымы 10448,6 млн ткм немесе 2023 жылдың тиісті кезеңіне 128,7% құрады. Осы кезеңде 61861,8 мың жолаушы тасымалданып, бұл 2023 жылғы қаңтар-қыркүйекпен салыстырғанда 82,9% құрады.

Республикадағы жолаушы айналымында Шымкент тұрғындарының үлесі жоғары. Осы көрсеткіш бойынша Шымкент ел ішінде 5-орында. Байланыс қызметінің жалпы көлемінде үлесі – 57,3%. Қала бойынша тіркелген телефон желілерінің саны 61,6 мың бірлікті құрады. Республикадағы байланыс қызметінің көлеміндегі үлесі бойынша қала 13-орынды алып отыр.

– **Сауда саласындағы ахуал қалай?**

– Бөлшек сауда көлемі 2024 жылғы қаңтар-қыркүйекте 712048,5 млн теңгені құрап, өткен жылғы тиісті кезеңге қарағанда 17,7% артты. Республиканың бөлшек саудасындағы қаланың үлес салмағы 4,8% құрады, немесе 5-орын. Ал көтерме сауда көлемі 1263121,9 млн теңгені құрап, өткен жылмен салыстырғанда 16,4% өсті. Республиканың көтерме саудасындағы қаланың үлес салмағы 4,1% құрап, бесінші орынға табан тіреді. Шымкент нақты көлем индексі бойынша да елімізде алғашқы бестікті түйіндеуде.

2024 жылғы қаңтар-тамызда Еуразиялық экономикалық одақ елдерімен өзара сауда көлемі 427,6 млн долларды немесе 2023 жылы 92% құрады. Оның ішінде экспорт 77,3 млн долларды (82,9%), импорт – 350,3 млн долларды (94,4%) құрады. ЕАЭО елдеріне экспорттың жалпы көлеміндегі 61,2 пайызы Ресейге, 36,2 пайызы Қырғызстанға, 2,4 пайызы Беларусь еліне тиесілі.

– **Шағын және орта кәсіпкерліктің өсімі қалай?**

– Жұмыс істеп тұрған шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 1 қазанда 133809 бірлікті немесе 2023 жылдың сәйкес кезеңіне 104% құрады. 2024 жылғы 1 шілдеге шағын және орта кәсіпкерліктегі жұмыспен қамтылғандардың саны 226513 адамды немесе өткен жылдың тиісті кезеңіне 102,8% құрады. Осы аралықта шағын және орта кәсіпкерліктегі субъектілер өнімі айтарлықтай өскенін аңғаруға болады. Бұдан бөлек, Шымкент қаласындағы шағын және орта кәсіпкерлер де өте белсенді. Олар халық тұтынатын өнімнің 50,6 пайызын өздері шығаруда. Ал республика халқы тұтынатын өнімдердің 37,7 пайызын шымкенттік кәсіпкерлер қолынан шығатынын мақтанышпен айтуға болады.

– **Сұхбатыңызға рақмет.**

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,  
«Заң газеті»

• САЛТАНАТТЫ ШАРА

Республика күніне орай, Қызылорда облыстық сотында салтанатты шара өтті. Мерекелік шараны Қызылорда облыстық сотының төрағасы Ә.Шығамбаев ашып, Республика күні – Қазақстанның тәуелсіздігі мен мемлекеттілігін бейнелейтін ұлттық мейрам екенін атап өтіп, оның маңыздылығына тоқталды.

## МАРАПАТ ИЕЛЕРІН ТАПТЫ



Сот әкімшілігі Қызылорда облысы бойынша департамент басшысы С.Сүлеймен шараның қатысушыларын мерекелем құттықтап, сот жүйесінің өкілдері азаматтардың құқықтарын мен бостандықтарын қорғау жолында еңбек етіп, еліміздің құқықтық дамуына ерекше үлестерін қосып отырғанын жеткізді.

Мерекелік шара барысында Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының І дәрежелі «Мінсіз қызметі үшін» медалімен Қызылорда облыстық сотының судьясы С.Жуынтаева марапатталды. «Үш би» төсбелгісімен облыстық соттың судьясы Н.Қосанов пен Қызылорда қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төрағасы Р.Шамшиев марапатталды. «Жеті жарғы» төсбелгісімен Қазылы аудандық сотының төрағасы Д.Әбдікалыков, Қызылорда қалалық сотының төрағасы Д.Кентбаев ие болды. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының ІІІ дәрежелі «Мінсіз қызметі үшін» медалімен Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соты әкімшісінің басшысы Г.Қалыкова, Қызылорда қалалық сотының бас маман – сот отырысының хатшысы Г.Мырзатаева марапатталды.

Бірқатар судьялар мен сот қызметкерлері Судьялар одағы орталық кеңесінің «Судьялар одағының құрметті мүшесі», «Сот жүйесінің белсенді қызметкері» және «Сот жүйесінің үздігі» төсбелгілерін алды.

Сонымен қатар, шарада Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты төрағасының, Қазақстан Республикасы Судьялар одағының, Қазақстан Республикасы Сот әкімшілігі басшысының, Қызылорда облысы әкімінің, Қызылорда облыстық соты төрағасының, Қазақстан Республикасы Сот әкімшілігінің Қызылорда облысы бойынша департамент басшысының Құрмет Грамоталары мен Алғыс хаттары табысталды.

Мерекелік шара концерттік бағдарламамен жалғасты.

Қызылорда облыстық сотының баспасөз қызметі

• КЕСЕЛ

Мемлекет басшысы биылғы жолдауында есірткі саудасына және нашақорлыққа қарсы күреске ерекше мән беріп, «Бұл – ұлттың генетикалық қорын аман сақтап қалу мәселесі деген сөз. Біз осыған дейін қажетті заңнамалық шараларды қабылдадық. Бірақ, нақты нәтижеге қол жеткіздік деуге әлі ерте.

## ЕСІРТКІГЕ ӨУЕСТІК ОРҒА ЖЫҒАДЫ

Әрбір мемлекеттік құрылым, әсіресе, құқық қорғау органдары тиімді жұмыс істеп жатыр деп айта алмаймыз. Есірткі мәселесі ұшығып барады», – деген еді. Құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарының порталындағы мәлімет бойынша, биыл 9 айда есірткіге байланысты қылмыстар республикада былтырғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда 5721-ден 6612-ге дейін көбейіп, ондағы өсім 16 пайызға жуықтаған.

Қылмыстың бұл түрі республикалық маңызы бар қалалар арасында биыл тек Шымкентте (447) ғана өзгеріссіз қалып отыр. Мәселен, ол Астанада 764-тен 975-ке, Алматыда 569-дан 588-ге ұлғайған. Егер Шымкент қаласындағы ахуалға кеңірек тоқталар болсақ, биыл онда есірткіге байланысты Еңбекші ауданында – 106, әл-Фараби ауданында – 103, Қаратау ауданында – 89, Тұран ауданында – 80, Абай ауданында 69 қылмыс тіркелген. Шымкенттегі есірткіге байланысты қылмыс көрсеткішіне тереңірек үңілер болсақ, онда 2022 жылы – 366, 2021 жылы – 315, 2020 жылы – 335, 2019 жылы – 250, 2018 жылы – 309 іс тіркелгенін де байқауға болады.

Жалпы, Қылмыстық кодекстің «Халық денсаулығына және имандылыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар» деп аталатын 11-тарауының 296-303-баптары есірткі заттарына арналған. Мәселен, 296-бап бойынша қоғамдық орындарда есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді медициналық емес тұтыну үшін 80 АЕК-ке дейінгі мөлшерде айыппұл салу не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не 80 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тарту не 20 тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алу қарастырылған. Есірткі, психотроптық заттарды, сол тектес-

терді өткізу мақсатынсыз заңсыз дайындап, қайта өңдеп, иемденіп, сақтап, тасымалдағаны үшін 160 АЕК-ке дейінгі мөлшерде айыппұл салынып не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не 160 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тарту не 40 тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алу жауаптылығы көзделген. Ірі мөлшердегі есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді өткізу мақсатынсыз заңсыз дайындап, қайта өңдеп, сақтап, тасымалдағандарға – 200 АЕК мөлшерінде айыппұл салу не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не 200 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тарту не 50 тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алу жазасы қарастырылған. Сондай-ақ аса ірі мөлшердегі есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді өткізу мақсатынсыз заңсыз дайындап, қайта өңдеп, иемденген, сақтап, тасымалдаған айыптыларға 3 жылдан 7 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы белгіленген.

Әрине, жауаптылық жоғары. Алайда, есті алар есірткіге толық тыйым қою мүмкін болмай тұр. Дегенмен, Шымкент қаласының әкімдігі, Шымкенттегі құзырлы органдардың заңды түсіндіру, азаматтардың құқықтық сауатын көтеру, жас жеткіншектермен түсіндіру жұмысын тұрақты жүргізу, балалардың бос уақытын тиімді пайдалануына ықпал ету сияқты ауқымды шаралардың арқасында шаһардағы есірткіге байланысты қылмыстарды көбейтпеуге мүмкіндік туып отыр. Сонымен қатар, жұмыссыздық мәселесін шешу, жастардың білім алуына, іс бастауына қолдау көрсету де есірткіге байланысты қылмыстың көбеюіне жол бермейді.

Е.КЕБЕКБАЙ,  
«Заң газеті»

• СҰХБАТ

– **Жаңыл Қаныбекқызы, Шымкент қаласында тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша өткізілетін шараларда қандай мекемелердің өкілдері кеңес береді? Қиындыққа тап болған жандарға қандай көмек көрсетіледі?**

– Отбасында зорлық көрген әйел ең бірінші жергілікті полиция бөлімшесіне хабарласуы керек. Полиция қызметкерлері мән-жайды анықтап, істің ақ-қарасын тексеріп жәбірленушінің ісі бойынша жұмыс жасайды. Біз қала тұрғындарына зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында әртүрлі іс-шаралар, акциялар өткізіп тұрамыз. Аталған шараларға «Қазақстан Республикасының республикалық әйелдер кеңесі» қоғамдық бірлестігінің филиалы «Шымкент қалалық әйелдер кеңесі» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Баян Жандосовамен, Шымкент қаласының Ішкі саясат және жастар істері жөніндегі басқармасының Жастармен жұмыс жүргізу және отбасындағы құндылықтарды насихаттау бөлімінің басшысы Сабаев Мұхтармен, қосымша білім беру оқу салалық орталығында тәрбие бөлімінің басшысы Гүлмайра Сүлейменовамен, Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының бөлім басшысы Инна Глазбнаямен, Шымкент қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының басшысы Жанат Өтебаевамен, №2 аналар үйінің басшысы Қалдар Төнтековамен, «Әйелдер күштері» Альянсының төрайымы Жаннетта Жазықбаевамен бірлесіп жұмыс жасаймыз. Сонымен қатар, үкіметтік емес ұйымдармен қатар «Сана-Сезім» және №3 әлеуметтік арнаулы көмек көрсету орталықтарымен бірлесіп, әйелдерге психологиялық, құқықтық және өзге де көмектер көрсетілуде. Ал, отбасылық тұрмыстық зорлық-қомбылыққа қарсы күрес жөніндегі мәселелер қалалық прокуратура, сот және мүдделі органдардың қатысуымен бірнеше рет талқыланды. Отбасы тұрмыстық қарым-қатынас саласында құқық бұзушылықтармен тиімді күресу маңызды рөл атқарады. Осыған байланысты күнделікті әрбір құқық бұзушылықтың орын алуына ықпал еткен себептер мен жағдайларға мониторинг жүргізілуде. Шымкент қалалық Полиция департаментінің атқарған жұмыстарының нәтижесінде отбасындағы тұрмыстық зорлық-зомбылықты азайту мақсатында жедел шаралар қабылданды.

– **Көбінесе кімдер тұрмыстық зорлық құрбанына айналады?**

– Жалпы, әлем бойынша тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандары көбіне-

се әйелдер. Сондай-ақ, зорлық-зомбылықтың анағұрлым ауыр түрлерін бастан кешіретін де осы нәзік жанды аруларымыз.

Көптеген адамдар өздерін зорлаушы немесе құрбан ретінде мойындамайды, өйткені олар өз тәжірибелерін тек бақылаудан шыққан отбасылық жанжалдар деп санайды. Тұрмыстық зорлық-зомбылық көбінесе контексте орын алады.

– **Ал, зорлық-зомбылықтың құрбаны болған әйелдердің күйеуімен татуласатын, отбасын сақтап қалатын кезі көп пе?**

– Әрине, біздің Шымкент қаласында қанша рет таяқ жесе де ешкімге тіс жармайтындар бар. Зорлық-зомбылық қатынастарында орын алуы мүмкін зорлық-зомбылық циклі, оның барысында шиеленіс күшейіп, зорлық-зомбылық әрекеті жасалады, содан кейін татуласу

**Жаңыл СПАНОВА, Шымкент қаласы Полиция департаменті әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау тобының аға инспекторы:**

# «ШАҢҰАҚТЫҢ ШАЙҚАЛМАУЫНА СЕПТЕСУ – ПАРЫЗ»

мен тыныштық кезеңі басталады. Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандары жағдайдың құрсауында қалуы мүмкін, себебі оқшаулау, билік пен бақылау, травматикалық байланыстар қиянат жасаушымен, мәдени таным, қаржылық ресурстардың жетіспеушілігі, қорқыныш, ұят немесе балаларды қорғауға байланысты. Психикалық денсаулықтың ауыр жағдайлары, мысалы посттравматикалық стрестің бұзылуынан зорлық-зомбылық жасайтын отбасында тұратын балаларда жас кезінен бастап психологиялық проблемалар жиі кездеседі.

– **Жаңыл Қаныбекқызы, жақын-дарына зорлық көрсеткендерге қандай жаза қолданылады?**

– «Тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы» заңның тиісті баптарына сәйкес Ішкі істер органдары құзыретіне: тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілері туралы өтініштер мен хабарламалар және олардың жолын кесу жөніндегі шаралар қолданылады, жәбірленушілердің өтініші бойынша оларға көмек көрсету жөніндегі ұйымдарға немесе денсаулық сақтау ұйымдарына жіберіледі, профилактикалық әңгімелесу жүргізіледі. Тұрмыстық зорлық-зомбылық жасаған адамды ішкі істер органдарына жеткізеді, қорғау нұсқамасы шығарыла-



туралы айта алмайды. Олар өтініш жазса да, оны қайта алып кетеді. Негізгі мәселе – әйелдер мен жасөспірім қыздар агрессордан немесе оның туыстарының іс-әрекеттерінен қорқып немесе жұрттан ұят болады деген ұғыммен, өз құқықтарын қорғаудан бас тартады және істі сотқа дейін жеткізбейді. Отбасында зәбір көрген жәбірленушінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында 4064 тұлғаға қатысты «қорғау нұсқамасы» шығарылды. Сондай-ақ, 655 тұлғаның мінез-құлқына полицияның ұсынысымен сот арқылы ерекше талаптар белгіленді. Олардың алкогольдік

дейін, 106-баптың 2 - бөлігі бойынша 6 жылдан 10 жылға дейін, 107-бабының 1-бөлігінің санкциясымен 2 жылға дейін, 2-бөлігімен 3 жылға дейін қамауға алынады.

– **Орталықта тұру мерзімі біткеннен кейін шарасыз жандардың бірқатары барар жері, басар тауы жоқ болған соң күйеуіне оралуға мәжбүр. Осындай әйелдермен учаскелік инспекторлар байланыс ұстай ма?**

– Тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы заңның 10-бабына сәйкес, ішкі істер органдарының құзыретіне: тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілері немесе олардың жасалу қаупі туралы өтініштер мен хабарламалар сол жерге барып қаралады және олардың жолын кесу жөніндегі шаралар қолданылады. Жәбірленушілердің өтініші бойынша олар көмек көрсету жөніндегі ұйымдарға немесе денсаулық сақтау ұйымдарына жіберіледі, профилактикалық әңгімелесу жүргізіледі, тұрмыстық зорлық-зомбылық жасаған адамды ішкі істер органдарына жеткізеді, қорғау нұсқамасы шығарылады және т.б. профилактикалық жұмыстар жүргізіледі. Сот шешімімен зорлық жасаушы 20 күнге дейін әкімшілік қамауға алынады, егер де ары қарай қайталан берсе қылмыстық іс қозғалып, сот үкімімен 2 жылдан 7 жылға дейін бас бостандығынан айырылады. Біз отбасындағы тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және болдырмау бойынша дағдарыс орталықтарымен тығыз байланыстамыз. Ынтымақтастық аясында бірқатар бірлескен іс-шаралар өткізіледі, мысалы: ақпараттық науқандар, акциялар, жағдайы төмен отбасылар бойынша бірлескен рейдтер және т.б. ҚР Ішкі істер министрілігінің 2021 жылғы 19 наурыздағы №164 бұйрығына сәйкес әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі бөлімшелердегі штат саны қалыпқа келтірілді. Аталмыш топ қызметкерлері әйелдерге қатысты құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша полиция органдарының қызметін үйлестіру ісімен айналысады. Сондай-ақ зардап шеккен әйелдерді жеке қабылдайды. Әрбір зорлық-зомбылық дерегін учаскелік сақшы әйелдерді қорғау жөніндегі инспекторға жеткізеді. Содан кейін отбасының дағдарыстарын шығару жұмыстары жалғасады. Әр отбасының тыныштығын сақтау ең алдымен сол отбасы мүшелеріне, бірінші кезекте ерлі-зайыптыларға байланысты. Отбасы қауіпсіз болса, қоғам қауіпсіз болады. Сондықтан әр шаңырақтың шайқалмауына септесу мақсатында түрлі жанжалдарды болдырмау үшін біз де бар күш-жігерімізді жұмсай бермекпіз.

– **Әңгімеңізге рақмет.**

**Раушан ПЕРНЕХАНҚЫЗЫ**

• НАУҚАН

# АҚТАУ ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫНА ДАЙЫН

Биыл Ақтауда 50 жылдан астам уақыт бойы жаңартылмаған магистралдық жылу желілері қалпына келтірілді. Жылу және ыстық сумен үздіксіз қамтамасыз ету үшін 11,3 шақырым құбыр ауыстырылды. Бұл жұмыстарға 17 млрд теңге бөлінді. Ақтауда жылу беру маусымы 15 қазанда басталды. Бұған дейін облыс әкімдігінің телеграм-арнасында тұрғындардың жылу жоқтығына қатысты пікірлері көбейіп кеткен еді, ал қазір тұрғындар коммуналдық қызметкерлерге алғыс айтуда.

Төрт баланың анасы Тілектес Ибраева облыс орталығындағы 28-ші шағын ауданда тұрады. Оның айтуынша, үйге 16 қазанда жылу берілген.

«Үй жылы. Мен басқа аудандарда тұратын

достарымнан сұрадым. Барлығында жылу бар. Иә, кейбір үйлерде адамдар әлі күтіп отыр, бірақ коммуналдық қызметкерлер тұрғындарды жылумен толықтай қамтамасыз ету үшін күні-түні



жұмыс істеп жатыр, меніңше, бүгін-ертең жылу беріледі. Сондықтан мен қаладағы тұрғындардың бәрі жылусыз отырғаны жөніндегі ақпараттың шындыққа жанаспайтынын айтқым келеді», – деді Тілектес Ибраева.

«Мен бесінші шағын ауданда тұрамын. Біздің үйге 19 қазанда жылу келді. Бұған дейін ақаулар болды. Ол кезде апаттық бригадалардың оларды жою үшін жұмыс атқарып жатқанын бәріміз көрдік. Менің анам көрші үйде тұрады, оған жылу бізден де ерте берілді», – деді Ақтау қаласының тұрғыны Алевтина Головина.

«19-шы шағын ауданға жылу берілді, біз оны бір аптадай күттік. Тұрғындарға ақаулар жойылған бойда үйлеріне жылу бірден келетінін үнемі айтып отырды. Енді пәтеріміз жылы емес, қатты ыстықтан терезелерді ашып отырмыз. Коммуналдық қызметкерлерге қажырлы еңбектері үшін алғыс айтқым келеді!», – деді зейнеткер Гүлмира Исаева.

Қала әкімдігі 26 қазанға қарай әлеуметтік нысандардың 97%-ы (115-тің 112-сі) жылумен қамтамасыз етілгенін, ал қаладағы 1500 тұрғын үйдің 34-інде жылу жоқ екенін хабарлады.

«Жаз бойы негізгі жылу жүйелері ауыстырыл-

ды. Бұл өткен жылдардағыдай жылу мен ыстық су беруде үзіліс болмауы үшін жасалды. Желілердің әбден тозуы салдарынан жөндеу емес, толық ауыстыру туралы шешім қабылданды. Ауқымды ауыстыру қазан айында аяқталды, одан кейін гидравликалық сынақтар басталды. Осы уақытқа дейін құбырлар құрғақ болғандықтан, сынақтарды өткізу мүмкін болмады. Су берілісімен ішкі желілердің тозуы 79% болуына байланысты жарылыстар басталды. Әлеуметтік желілерде қаланы суық алып жатыр деген шағымдарды жиі естимін. Бұл – дұрыс емес, өйткені үйлердің басым көпшілігі жылумен қамтамасыз етілген. Апат болған үйлерде қазіргі уақытта жедел топтар ақауларды жою жұмыстарын жүргізуде», – деп атап өтті Ақтау қаласының әкімі Әбілқайыр Байпаков.

Жылыту маусымы басталғалы шағын аудандардағы желілерде 121 жарылыс тіркеліп, оның 100-і жөнделді. Бүгінгі таңда ақауларды жою үшін 110 адам мен 49 техника жұмыс істеп жатыр. Ақтау қаласының коммуналдық қызметкерлеріне көмек ретінде Жанаөзен қаласынан 8 бригада келді. Тұрғындардың үйлеріне жылу жеткізу үшін төтенше жағдай бригадалары күндіз-түні жұмыс істеуде. Ал қалалық кәсіпкерлер коммуналдық жұмысшыларды қолдау мақсатында ыстық шәй мен бәліш ұсынып жатыр.

«Ақтауға Жаңаөзен қаласынан «Өзенмұнай-сервис» компаниясының сегіз жұмыс тобы келді. Ақтаудағы құбырлар тозған, жергілікті мамандарға әр шағынаудандағы жарылған жерлерді жоюға көмектесеміз», – дейді «Өзенмұнайсервис» мекемесінің дөңкерлеушісі Қазихан Байбозов.

Маңғыстау облысы әкімдігінің Telegram-арнасы тұрғындар үшін желідегі ақаулар мен олардың жойылу жұмыстары туралы ақпарат алуға арналған алаңға айналды. Тұрғындар өздерінің маңайындағы ақаулар туралы ақпаратты жедел жіберу арқылы коммуналдық қызметкерлерге көмектеседі. Кейбір тұрғындар үйде жылу берілгенін, бірақ кейбір пәтерлерде, тіпті бөлмелерде жылу жоқ екенін жеткізуде. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласының мамандары қазір ішкі жүйелерді реттеуді қызмет көрсету ұйымдарының қызметкерлері – ОСИ немесе КСК жүргізетінін атап өтті.

**Жазира ҚУАНЫШБЕКҚЫЗЫ**

• БІЛГЕН ЖӨН

## САҚТАНДЫРУ ШАРТТАРЫНАН ТУЫНДАЙТЫН ДАУЛАР

**Қазіргі уақытта сақтандыру мәселесіне қатысты дауларды заңға сай реттеудің өзіндік тәжірибесі қалыптасты. Сақтандыру шарты – азаматтардың тәуекелдерін қорғаудың, халықтың материалдық құндылықтарын жоғалтпаудың кепілі.**

Сақтандыру шартынан туындайтын даулар Азаматтық процесітік кодексте белгіленген істер ведомстволығының және соттылығының қағидаларын сақтай отырып қаралады.

АПК-нің 30-бабының он бірінші бөлігіне сай, сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемін өндіріп алу туралы талап қоюлар талап қоюшының тұрғылықты жері бойынша не жауапкердің орналасқан жері бойынша берілуі мүмкін. Ал, сақтандырушының зиян келтіруші тұлғадан сақтандыру төлемдерін регрестік тәртіппен өндіріп алуға талап қоюы АПК-нің 29-бабының бірінші және екінші бөліктеріне сай, жеке тұлғаның тұрғылықты жері немесе заңды тұлғаның орналасқан жері бойынша сотқа беріледі.

«Сақтандыру қызметі туралы» заңның 90-бабының 5-тармағына өзгерістер енгізілуіне байланысты заңның 86-бабы 1-тармағының екінші бөлігінде көрсетілген, сақтанушылар (сақтандырылушылар, пайда алушылар) болып табылатын адамдар, сондай-ақ сақтандырушы сақтандыру омбудсманының шешімін алғаннан кейін сотқа жүгінуіне құқылы. Бұл ретте сақтанушы (сақтандырылушылар, пайда алушылар) үшін сақтандыру омбудсманының шешімін орындау міндетті болып табылмайды.

Демек, сақтандырушы айқындалған зиян мөлшерінің нәтижесімен келіспеген кезде жәбірленуші (пайда алушы) зиян мөлшерін бағалау нәтижелерін заңсыз деп тану туралы, не болмаса сақтандыру төлемін өндіріп алу туралы дауымен алдымен сақтандыру омбудсманына жүгінеді, сақтандыру омбудсманының шешімімен дау реттелмесе, оны сотта даулауға құқылы.

Заң шығарушының жоғарыда аталған санаттағы істер үшін дауды сотқа дейінгі реттеудің міндетті тәртібін 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап енгізуі, оның ішінде көптеген тараптардың сақтандыру омбудсманының қабылдаған шешімдерімен келісуі сақтандыру шарттарынан туындайтын дауларға айтарлықтай әсер етті.

Көрсетілген санаттағы даулар, әсіресе, биылғы жылдың басында орын алған су тасқыны кезінде өзекті болды, нәтижесінде қаншама жылжымалы және жылжымайтын мүлікке зиян келді. Бұл дүниенің бәрі сақтандырылған деп айта алмаймыз. Бұл жағдайда бүлінген мүлікті бағалау есептері жүргізілді. Алайда, төтенше жағдай кезінде бүлінген дүниені бүтіндеуге, шығынды қалпына келтіруге мемлекет толық кепілдік беріп, қазіргі уақытта қалпына келтірілген.

Айта кететін мәселе, азаматтар сақтандыру шартына жіті назар аударғаны абзал. Сақтандыру шарты сақтанушы мен сақтандырушы арасында жасалады. Сақтандыру жағдайы туғанда сақтанушыға қатысты міндеттеменің орындалмауы дауға алып келеді. Ал кез келген даудың түйіні сот арқылы шешілетіні түсінікті.

Сақтандыру шарттарынан туындайтын сот даулары міндетті түрде медиация жүргізуді талап ететін даулар санатына жатады. Осыған байланысты сақтандыруға қатысты даулардың алдын алу, дауларды медиациямен аяқтау мақсатында түсіндіру жұмыстары жүргізілуде.

**Динара БАЙМАХАНОВА,**  
**Атырау қалалық сотының**  
**судьясы**

• КӨЗҚАРАС

## АҚПАРАТ ТАРАТУДАҒЫ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАР

Бұқаралық ақпарат құралдары – ақпарат таратудың негізгі көзі. БАҚ-тың еркіндігі мен оның заң шеңберіндегі қызметі әрқашан тепе-теңдікті талап етеді. Сөз бостандығы – БАҚ-тың негізгі құқықтарының бірі. Демократиялық мемлекеттерде бұл құқық конституциялық деңгейде қорғалады. Мысалы, Қазақстан Конституциясында сөз бостандығына кепілдік берілген.

Сондай-ақ жала жабу, жеке өмірге қол сұғу, экстремистік материалдарды тарату сияқты әрекеттер заңмен реттеледі. БАҚ заң талаптарын сақтауы тиіс. Журналистердің

этикасы және жауапкершілігі үлкен рөл атқарады. Ақпараттың шынайылығын тексеру, объективті болу және тараптардың пікірін теңдей көрсету – бұл БАҚ қызметінде маңызды принциптер.

БАҚ пен заңның қарым-қатынасы қоғамның тұрақтылығын сақтауда және демократиялық құндылықтарды қорғауда ерекше орын алады.

**Айзада АРИФХАНОВА,**  
**Абылай хан атындағы**  
**ҚазХҚ және ӘТУ университетінің**  
**1-курс студенті**

• КЕЛБЕТ



## ӘДІЛЕТТІҢ ЖАРШЫСЫ

**Қазақстандағы сот төрелігінде судьяның жұмысы ерекше маңызға ие. Судья – бұл заңның өкілі ғана емес, сонымен қатар шешімдері азаматтардың болашағын қалыптастыратын тұлға. Қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаев айтқандай: «Әділдік – бейбіт өмір сүрудің негізі». Бұл сөздер қоғамның тұрақтылығы мен адамдардың әділеттілікке деген сенімі судьялардың бейтараптығы мен адалдығына байланысты екенін көрсетеді.**

Судья, ең алдымен, мемлекет атынан сот шешімдерін шығаратын биліктің өкілі. Сондықтан судья болу оңай емес және ол жауапкершілікті талап етеді.

Қарағанды қаласы Қазыбек би ауданының №2 аудандық сотының төрағасы Бейбітжан Тәңірбердіұлы Қабылбеков те адал қызмет, әділетті төрелігімен ел құрметіне бөленген судья. Бейбітжан Тәңірбердіұлы жақында мерейлі 50 жасқа толды. Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетін 1996 жылы «Құқықтану» мамандығы бойынша бітірген маман еңбек жолын әділет жүйесінде бастап, кәсіби өсудің барлық кезеңдерінен өтті, жай маманнан бастап сот төрағасына дейін көтерілді.

Атап айтсақ, 2002 жылы ол Семей қалалық сотының судьясы болып тағайындалды, онда ол 2013 жылдың соңына дейін қызмет етті. Азаматтық, әкімшілік, қылмыстық және шаруашылық істерді қарастырған. Кейіннен оның тәжірибесі мен құзыреттілігі 2013 жылы Астана қаласының Алматы аудандық сотына судья болып тағайындалуына

себеп болды. 2021 жылдың маусым айынан бастап Қарағанды қаласы Қазыбек би ауданының №2 аудандық сотын басқарып келеді.

Қазіргі таңда азаматтық істерге маманданған, көптеген жылдар бойы азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғап, мемлекетіміздегі әлеуметтік әділеттілікті нығайтуға ықпал етіп келеді.

Бейбітжан Тәңірбердіұлы мықты заңгер ғана емес, сонымен бірге жеті баланың әкесі, отбасы алдындағы жауапкершілікті кәсіби міндеттерімен лайықты үйлестіріп келеді.

Бейбітжан Тәңірбердіұлы өзінің мінсіз еңбегі үшін басшылықтың құрмет мадақтамаларымен, алғыс хаттармен, «Мінсіз қызметі үшін» ІІ дәрежелі және ІІ дәрежелі медальдарымен марапатталды. Сондай-ақ «Жеті жарғы» құрмет белгісінің иегері атанды, бұл оның кәсіби еңбегі мен сот төрелігін дамытуға қосқан үлесінің жоғары бағаланғанын көрсетеді.

Өріптестер оның кәсібилігі мен бейтараптығын, азаматтық құқықтың күрделі мәселелерін барынша зерделеп, әр жағдайда әділеттілікті қамтамасыз ететіндігін айтты.

Бейбітжан Тәңірбердіұлы қолданыстағы заңнаманы терең біліп қана қоймай, үлкен өмірлік тәжірибеге ие. Өрбір құқықтық дауда жанжалдарды бейбіт жолмен шешуге, сол арқылы қоғамдық келісімді сақтауға тырысады.

Қарағанды облыстық сотының судьясы **Жанар Смағұлова:** «Бейбітжан Тәңірбердіұлы 2021 жылдан бері Қарағанды қаласы Қазыбек би ауданы №2 аудандық сотының төрағасы. Сол кездері мен осы соттың судьясы едім. Оның істерді қарауға деген көзқарасы әрқашан объективтілік пен ұқыптылықпен ерекшеленетінін атап өткім келеді. Ол қашанда адамдардың мүддесі үшін әрекет ететін тұлға. Оның білімі мен әділ шешімдер таба білуі қашанда құрметке лайық. Бейбітжан Тәңірбердіұлына зор денсаулық, бақыт, отбасыңызға амандық тілеймін!» деген ізгі тілегін жеткізеді.

Астана қалалық сотының судьясы **Майя Касымова:** «Бейбітжан Тәңірбердіұлы елордалық ең ірі және күрделі Алматы аудандық сотында жұмыс істей жүріп, өзіне жүктелген үлкен жүктемені көтере алатын, сонымен бірге өріптестеріне мейірімді, ілтипатты және ашық бола отырып, өзін нағыз кәсіпқой судья ретінде көрсетті. Әрдайым білімімен бөлісіп, көмек беруден бас тартпай, жас судьяларға нағыз тәлімгер бола алды.

Бейбітжан Тәңірбердіұлы қайырымдылыққа құмар, қысылғанға жәрдемші болуға әр кез дайын тұратын, өріптестерінің арасында аса сыйлы азамат. Өріптесімді мерейтойымен құттықтай отырып, деніне саулық, отбасына амандық, үлкен жетістіктер мен арман-мақсаттарыңыздың орындалуын, тек жақсылықтар тілеймін!» – деп ажқарма лебізін білдірді.

Осы айтулы күні біз де Бейбітжан Тәңірбердіұлын мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз! Білікті басшы, сыйлы азаматқа зор денсаулық, отбасылық амандық, заңға және әділдікке қызмет етуде толағай табыс тілейміз.

**Қарағанды облыстық сотының**  
**баспасөз қызметі**

### Баспасөз – 2025

## Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета» газеттеріне жазылу жалғасып жатқанын естеріңізге салғымыз келеді.

## Төл басылымдарыңыздан қол үзіп қалмаңыздар!

Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуарыңызға болады.

Жазылу индекстері:

### «Заң газеті»

**жеке тұлғалар үшін – 65921,**  
**заңды тұлғалар үшін – 15921**

✉ zanreklama@mail.ru

|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |  |  |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|--|
| ТАРАТУ                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |  |  |
| 4. «ZOR StroyCompany» ЖШС (БСН 231040039430) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Жаңаталап, Жұманов көшесі, 31, тел. 87023163353.                                                                                                                                                                                                         |  |  |
| ӘРТҮІРІШ                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |  |  |
| 3. Ақтөбе облысы МАЭС 18.10.2024ж. ұйғарымымен «АкРосс-Пищепром» ЖШС-не қатысты, БСН 040940001979, оңалту рәсімін қолдану туралы азаматтық іс қозғалды. Талаптар мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Ақтөбе облысы, Алға қаласы, 1-үй, 1Г, тел. 87711674061.                                                                                                                                                                                       |  |  |
| 5. «АБС-Профит» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 120640020694, жалғыз қатысушының 2024 жылғы «22» қазандағы №1 жарғылық капиталды 200 000 теңгеге дейін азайту туралы қабылданған шешімі туралы хабарлайды. Кредиторлардың талаптары осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай ішінде 010000, ҚР, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Гоголь көшесі, 20-үй, н.п. 187 немесе emta1980@rambler.ru электрондық поштасы арқылы қабылданады. |  |  |
| Қазақстан Республикасы Әскери сотының төрағасы, Судьялар одағының филиалы және Әскери соты департаментінің ұжымы зейнеттегі судья                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |  |  |
| Қыдырхан Абильмажиұлы СИХИМБАЕВТЫҢ қайтыс болуына байланысты отбасы мен жақындарына ауыр қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |  |  |

### ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

|                                          |                                                                                                                                                                                                                                    |
|------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Алматы қаласы<br>Тел.: 8(727) 292-43-43, | «Media page kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтолық көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.                                                                                                 |
| 8 (708) 929-98-74                        | ИП «Profy Agency kz»<br>Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.<br>г.Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509<br>e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz                                              |
| E-mail:<br>zanreklama@mail.ru            | «KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22.<br>E-mail: kaldybayeva@gmail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз. |

### ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.<br>«Sokrat-PR» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупный көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).<br>«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) РВК банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: pazar.reklama@gmail.com<br>ЖК «TRade and service», Алматы қ., ша/а Жетісу-3, 55/133.<br>ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.<br>«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.<br>«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747) 8090704. | «Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04<br>Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынұлы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі,58,30-бөлме,3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57,ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.<br>ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ.,Желтоқсан көшесі,18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.<br>Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.<br>«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ.,Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05,ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.<br>ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail:zan-at@mail.ru.<br>«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ.,Л.Толстой көшесі,28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05. |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| «Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.<br>«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ.,ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.<br>ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ.,пр. әл-Фараби 119-үй,407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.<br>«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызыл-орда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78<br>ЖК Тажимаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ЖКО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.<br>ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы,Қазақстан Конституциясы көшесі,28-үй,1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77,8-777-228-64-13.<br>ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы,Теле би көшесі,73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222,ұялы тел: 87019457336 Татьяна.<br>ЖК «Выдай», Өскемен қаласы,60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772265606. |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

## • ЕЛ ҚОРҒАНЫ

Ел тыныштығын сақтап, азаматтардың конституциялық құқы мен бостандығын, мемлекет пен қоғамның қауіпсіздігін қамтамасыз етіп жүрген құқық қорғаушылар көп. Солардың бірі – Жәнібек аудандық полиция бөлімі уақытша ұстау изолаторының бекетшісі, полиция сержанты Еламан Шурин.

## ЕЛАМАННЫҢ ТІЛЕГІ – ЕЛ ТЫНЫШТЫҒЫ



«Байлық – қолға ұстаған мұз, ериді де кетеді. Бақыт – басқа қонған құс, күте алмасаң, жериді де кетеді. Ал, бала – артта қалған із, атыңды өшірмейді, жақсы ісінді жария етеді», – деген тәмсіл осындай азаматтарға қаратып айтылғандай.

Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданының орталығында 2000 жылы 7 ақпанда дүниеге келген Еламанның есімін ұзақ жылдар Жәнібек аудандық «Октябрь туы» газетінде жауапты хатшы, аудандық білім беру бөлімінде әдіскер, кадр бөлімінің инспекторы болып қызмет еткен нағашы атасы Болат Закарияұлы қойыпты.

### ЖІГІТТІҢ ЖАҚСЫСЫ НАҒАШЫДАН

– «Үйдің жақсысы ағашынан, Жігіттің жақсысы нағашыдан» деген, әр кез немере-жиендеріне тағылымды тәрбие мен ұлағатты тәлімнің дәнегін еге білген марқұм нағашы атамның есімінің де тарихы тереңде екен, – деп Еламан әңгімесін әріден бастады. – Атам Болат Закарин әкесі Ұлы Отан соғысында жүргенде 1942 жылы өмірге келген екен. Атамның алдында дүниеге келген бес аға-апасы бірінен соң бірі шетіней бергендіктен, әбден зәреzap болған анасы Зура сәбиді қазақы ырыммен төңкерілген қара қазанға салып, балтамен кіндігін кесіп, бір қап тезекке көршісінен «сатып» алып, «Болаттай берік, қажымас қайратты, анасына қолғанат, соғыста жүрген әкесіне серік болғай!» деп есімін азан шақырып Болат деп қойыпты да соғыстағы еріне «Өшкенің жанды, ізбасарың өмірге келді, есімі Болат!» деп хат жазса, ері Закария «Берген құдай сәбиді өзі алған болып тұр ғой, түзде жүрген мені уайымнан жүнжіп кетпесін деп жұбатқаны болды» деп ұлды болғанына сенбесе керек. «Әкем соғыстан оралғанда алдынан құлдырандап жүгіріп шыққан үш жасар мені көргенде ғана анамның хабарына сеніпті», – деп нағашы атам әңгімесін айтып отырушы еді. Атам ұзақ жылдар Жәнібек аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы, медиатор ретінде қоғамдық қызметті абыройлы атқарды. Осынау ғұмырында басынан өткен оқиғалар ормандай теңселтіп, қарағайдай қайыстырса да нағашы атам «Бо-

лат» атты есіміне лайықты болаттай берік, қайыспас қара нардай қайратты болды. Маған әр кез «Балам! «Бола-рында болып өт, боз жорғадай желіп өт, Бола-рыңды білмесең, болған ердің қосын жек» деген, алымды да шалымды, құшағы кең, кісілігі мен кішілігі тең азамат бол! Еламан деген есіміңе лайық елдің азаматы болғайсың!», – деп ақылын айтып, батасын беріп отыратын. Әкем Марат он саусағынан мінсіз өнер тудырған әсем дүние жасайтын құрылысшы болса, анам Айнаранның мамандығы – аспаз. Гүларман есімді апам мен Көркем қарындасым үше-үміз де аудан орталығындағы №1 мектеп-лицейінде білім алдық.

### МЕНІҢ ҰСТАЗДАРЫМ

Тарих және құқық пәнінің мықты маманы, ұстазым Ерлан Жиенәлиевтің ерекше ықпалымен бала кезімнен Қазақстан және дүниежүзі халықтары тарихын сүйіп оқыдым. Бастауыш сыныпта төрт жыл жетекшілік еткен Жанаргүл Жәдігерқызына құрметім бөлек. Ой-бітімі өрен, парасат-білігі терең, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ берген әрі сынып жетекшім болған Назгүл Өтегенқызы мен орыс тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ берген марқұм ұстазым Зүлфия Равильқызының пәніне деген ынтам ерекше болатын. Денешынықтыру пәнінен сабақ берген ұстазым Максим Қартесұлының шындауымен мектепте оқып жүрген кезімнен спортты жаныма серік етіп келемін, – дейді ол.

– Жұртшылық полиция қызметкерлерін өз бостандықтары мен құқығын қорғаушы, елге қорған болар тұлға ретінде мойындайды, сол себепті ғұмырымды осы саламен байланыстыруды мақсат еттім. Әкем жас кезінде тәртіп сақшысы болуды армандаған екен. Алайда, өмірдің бой бермес асуы, қол жеткізбес өткелі әкемнің арманына тұсау болыпты. Әскерден келгенімде әкем маған «Еламан! Сен болашағыңды құқық қорғау саласымен байланыстырсаң», – деді.

2021 жылы сол кездегі Жәнібек аудандық полиция бөлімінің бастығы, полиция подполковнигі Манарбек Қаташевтің қабылдауына кіріп, арманымның алғашқы қадамына жол салдым де-

сем болады. 2021 жылы мамыр-тамыз айлары аралығында Ақтөбе қаласында ҚР ІІМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институтында алғашқы кәсіби даярлықтан өтіп келдім. Білімімді тереңдету мақсатында бүгінде Батыс Қазақстан инновациялық және телекоммуникациялық жүйелер университетінде «Құқықтану» мамандығы бойынша білім алудамын, – деп Еламан әңгімесін өрбітті.

### «ЖАСТЫҚТЫҢ ОТЫ ЖАЛЫНДАП...»

– Күнделікті қызметім бекетті қабылдап алып, уақытша ұстау изолаторы бойынша кезекшімен (кезекшінің көмекшісімен), полиция бөлімі басшыларымен, УҰИ-ы бастығымен бірлескен түрде камералардағы жабдықтардың, төсектердің, терезелердің, торлардың, еденнің, жылыту жүйелерінің, белгі беру және жарықтандыру құралдарының жағдайын және ақау-сыздығын тексеріп шығудан басталады.

Түнгі уақытта барлық күзетілетін камералардың жарықтандырылуын қадағалап, күдіктілерді санап, қабылдап алып, күшейтілген бақылауды қажет ететін адамдарды көзден таса қылмай бақылап, ауысымға дейін ешбір жағдайда да бекетті тастап кетпегуге, қызметті қырағы өткеріп, есіктегі «көздер» арқылы дәлізбен дыбыссыз қозғала жүріп, камерадағы сезіктілер мен айыпталушылардың тәртібін ұдайы бақылауды жүзеге асыруға, оларды камералардан шығарған кезде күзету ережелерін қатаң да дәл сақтауға жауаптымын, – дейді Еламан.

Қызмет барысында Жәнібек аудандық полиция бөлімінің бастығы, полиция подполковнигі Айшуақ Сейітказиев, аудандық полиция бөлімі бастығының орынбасарлары, полиция майоры Мейрамхан Бапахов, Медет Бисақов, аудандық полиция бөлімі уақытша ұстау изолаторының бастығы, полиция аға лейтенанты Мерей Қарағойшин, жергілікті полиция қызметі бөлімшесінің бастығы, полиция подполковнигі Нұфтығали Төрешев, аға кезекші инспектор, полиция майоры Елдос Қарабалиевтердің зор септігі тиді. Осы әріптестерім тек маған ғана емес, бөлімдегі өзге де қызметкерлерге қылмыстың алдын алу, құқықбұзушылықты анықтау, істі сауатты да жедел шешу, адамдармен қарым-қатынас жасау, іс-құжаттарын толтыруда өз тәжірибесімен бөлісіп, үнемі көмегін беріп, ағалық ақыл-кеңесін айтып отырады, – дейді жас маман.

Қызметтік міндетін адал атқарғаны, жұмыста жоғары нәтижеге жеткені, ауданымызда заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайту ісіне қосқан үлесі, қылмысқа қарсы күресте, мемлекет пен қоғамның қауіпсіздігін қорғау жолында адал еңбек еткені үшін Еламан Шурин БҚО Полиция департаментінің бастығы, полиция генерал-майоры М. Аблазимов, полиция полковнигі А.Оразалиевтің қолынан Грамотамен мадақталса, Жәнібек ауданының әкімі А.Сафималиевтің қолынан Алғысхатқа ие болды. Саптық дайындық жағынан шыныққан, әрдайым салауатты өмір сүру салтын берік ұстанып, спортпен тұрақты айналысатын жас жігіт күштің құрылым қызметкерлері арасында шағын футбол, волейбол, ләңгі тебуден тұрақты өтетін додаларда жеңіс тұғырының биік сатысында тұруды бұлжымас қағидаға айналдырған екен. Туып-өскен, кіндік кескен жерінде адал еңбек етіп жүрген Еламанның басты тілегі – ел-жұртының амандығы мен тыныштығы.

**Мендігүл ФАЗЫЛОВА,**  
**Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейінің Жәнібек аудандық музей бөлімінің меңгерушісі**

## • ПӘРМЕН

## АДАМ САУДАСЫНА ТОСҚАУЫЛ КЕРЕК



**Адам саудасы – дүниежүзінде аса ірі әрі шамадан тыс көлемде қаржылай табыс әкелетін қылмыстардың қатарынан бір түскен емес.**

Еліміздегі Ішкі істер министрлігі адам саудасына байланысты кешенді түрде жұмыс жүргізіп жатыр. Министрліктің дерегіне сенсек, тек биылғы жылдың өзінде ғана Қазақстанда адам саудасына қатысты 137 қылмыстық іс тіркелген. Оның тоғызы адам ұрлап заңсыз түрде бас бостандығынан айыру фактісі бойынша болған.

Ұлттық қауіпсіздік комитетімен бірлесе отырып, Шымкент қаласы, Қарағанды және Қызылорда облыстарында 4 аса қауіпті қылмыстық топ өкілдерінің іс-әрекетіне тосқауыл қойылды,» – дейді Ішкі істер министрлігінің ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес департаменті басшысы Қуандық Алпыс.

Адам саудасына қатысты қылмыстық істер Шымкентте де азаймаған. Дегенмен, ірі мегаполис полициясы аса ауыр қылмыстардың алдын алу мақсатында профилактикалық кешенді шараларды жүйелі түрде жүзеге асырып келеді. Адам саудасының алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі іс шаралар жоспарына сәйкес жергілікті полиция аса маңызды жұмыстарды қолға алғаны байқалады.

Шымкент қаласы Полиция департаменті Ұлттық қауіпсіздік комитеті қызметкерлерімен бірлесіп жыл басынан бері адам саудасына қатысты құқықбұзушылықтардың алдын алу мақсатында профилактикалық шараларды кешенді түрде жүзеге асыруда. Оның нәтижесі БАҚ пен департаменттің әлеуметтік желілерінде тұрақты түрде жарияланады. Адам саудасына қатысты құқықбұзушылықтардың алдын алу, анықтау мақсатында интернет сайттар арқылы әлеуметтік желілерге мониторингтер тұрақты түрде жүргізіліп, апта сайын жеңіл жүрісті қыздар ұсынатын сайттар мен сілтемелер тексеріледі. Адам саудасына қатысты қылмыстар негізінен ғаламтор арқылы өтетіндіктен, осы бағыттағы жұмыстарға үлкен басымдық беріледі, – дейді Шымкент қаласы Полиция департаментінің ресми өкілі Бағлан Исатаева.

Департамент мәліметінше, әсіресе, адам еңбегін қанаудың алдын алу мақсатында профилактикалық іс шараларға баса мән беріледі. Яғни, ай сайын қала аумағында орналасқан шаруа қожалықтарына, құрылыс нысандары мен зауыттарға арнайы барып бақылау шаралары ұйымдастырылады. Мұндай шараларға тәртіп сақшыларымен қатар прокуратура, ұлттық қауіпсіздік комитеті, еңбек инспекциясы және «Сана Сөзім» акционерлік қоғамы өкілдерінен құралған мобильдік топ қатысады. Аталған топ жоспарға сай анықталған өндіріс нысандары қызметкерлеріне адам саудасына байланысты міндеттері мен құқықтары жөнінде кеңінен түсіндіріп, бүктемелер мен жадынамалар таратады. Полицияның мәліметінше, жыл басынан бері ғана қала аумағында орналасқан 15 нысанның 721 жұмысшысына адам саудасына байланысты қылмыстардың алдын алу және оларға қарсы күрес жөнінде түсіндірме жұмыстары жүргізілген.

Тәртіп сақшылары мұнымен қоса қаладағы моншалар, сауналар және көңіл көтеру орындарында да жүйелі түрде бақылау жұмыстарын жүргізуді қолға алған. Меншік иелеріне адам саудасына қатысты құқықбұзушылықтарға жол бермеу үшін арнайы ескерту профилактикалық жұмыстары берілген профилактикалық шаралар тұрақты түрде жүргізіледі.

Полиция ұйымдасқан қылмысты ашу және профилактикалық шараларды барынша назарда ұстау мақсатында құзырлы органдардың да көмегіне жиі сүйенетінін айтады.

Қажет болған жағдайда басқа мемлекеттік органдарға сұраныс хаттар да жолданады. Мәселен, денсаулық сақтау басқармасы арқылы қала аумағында орналасқан ауруханалардан жаңа туған сәбилер мен олардың ата-аналары туралы ақпараттар сұратылып, келіп түскен мәліметтер бойынша тұрақты түрде тексерістер жүргізіледі, – дейді Бағлан Исатаева.

Шымкенттік полиция алдағы уақытта да адам саудасы қылмыстарының алдын алу және профилактикалық шараларға барынша назар аудармақ. Бұл елімізде аса ірі көлемде болып жатқан қылмыстық істерге тосқауыл қоюға ықпал етері сөзсіз.

**Майра ҚУАНЫШҚЫЗЫ**  
**ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ**

**МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:**

**Астана** Айша Құрманғали  
8 707 851 91 13.  
**Алматы** Нұрбол Әлдібаев  
**облысы** 8 701 357 66 84.  
**Ақтөбе** Жансая Есмағанбетова  
**облысы** 8 705 398 62 83.  
**Атырау** Боранбай Ғалиев  
**облысы** 8 775 543 03 80.  
**Маңғыстау** Жазира Әбіл  
**облысы** 8 702 514 54 44.  
**Қызылорда** Гүлбану Мақажан  
**облысы** 8 701 697 39 86.  
**Түркістан** Сейітхан Құлмаханбетов  
**облысы** 8 707 721 19 59.  
Шадиар Мекенбайұлы  
87757335665  
**Батыс** Нұрлыбек  
**Қазақстан** Рахманов  
**облысы** 8 707 177 80 70.

**РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:**

050012, Алматы қаласы,  
Х.Досмұхамедұлы көшесі  
68 «б»-үй.  
Қабылдау бөлмесі:  
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

**E-mail:** [zanreklamaastana@mail.ru](mailto:zanreklamaastana@mail.ru)

«Заң газеті» аптасына 2 рет –  
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.  
**Жеке таралым 5066 дана**  
**Апталық таралым 10 132 дана**

Тапсырыс №105 Индекс 65921

**Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады**

**Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.**

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты таулап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31